Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина

БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА (5-9 СЫНЫПТАРДА) «МАТЕМАТИКА» ОҚУ ПӘНІН ОҚЫТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИЙ ПО ИЗУЧЕНИЮ УЧЕБНОГО ПРЕДМЕТА «МАТЕМАТИКА» (5-9 КЛАССЫ) В РАМКАХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Астана
2017

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2017 жылғы 18 қыркүйек № 10 хаттама).

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 10 от 18 сентября 2017 года).

Білім мазмұнын жаңарту аясында (5-9 сыныптарда) «Математика» оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсыныстар. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2017. – 120 б.

Разработка методических рекомендаций по изучению учебного предмета «Математика» (5-9 классы) в рамках обновления содержания образования. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2017. – 120 с.

Осы әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беру мазмұнын жаңарту аясында негізгі орта білім беру деңгейіндегі «Математика», «Алгебра», «Геометрия» пәндері бойынша оқу бағдарламалары негізінде әзірленді. Құралда 5-6 сыныптарға арналған «Математика», 7-9 сыныптарға арналған «Алгебра» және «Геометрия» пәндері оқу бағдарламаларының ерекшеліктері баяндалған, оқытуды ұйымдастырудың түрлері мен әдістері келтірілген. Сонымен қатар, құралда жаңартылған білім мазмұны жағдайында бағалау критерийлері, жиынтық және қалыптастырушы бағалау туралы баяндалып, практик мұғалімдер әзірлеген қысқа мерзімді жоспарлардың үлгілері берілген.

Әдістемелік ұсыныстар жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, біліктілікті арттыру институттарының әдіскерлеріне арналған.

Данные методические рекомендации разработаны на основе учебных программ по предметам «Математика», «Алгебра», «Геометрия» для уровня основного среднего образования в рамках обновления содержания образования. В пособии раскрыты особенности учебных программ по предметам «Математика» для 5-6 классов, «Алгебра» и «Геометрия» для 7-9 классов, приведены формы и методы организации процесса обучения. Описаны критерий формативного и суммативного оценивания, даны образцы краткосрочных планов, подготовленных учителями-практиками.

Пособие предназначено для учителей общеобразовательных школ, методистов институтов повышения квалификации.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2017

© Национальная академия
образования им.И.Алтынсарина, 2017.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 31 қаңтарында Қазақстан халқына арнаған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауында көрсетілгендей, бүгінгі күні білім беру саясатындағы басымды мақсат – білім беру сапасын көтеру. Жолдауда «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз — білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет» деп атап айтылған [1].

Жаңартылған білім мазмұнына көшу аясында әзірленген негізгі білім беру деңгейіндегі оқу бағдарламалары, оның ішінде 5-6 сыныптардағы «Математика», 7-9 сыныптардағы «Алгебра», «Геометрия» пәндерінің үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұны аталған қасиеттерді дамытуды көздейді.

2017-2018 оқу жылында 5-ші және 7-ші сыныптар білім мазмұны жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша оқытылатын болады.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұндық ерекшеліктері:

- пән мазмұнын жобалау кезіндегі «шиыршық» принципі, яғни білім мен біліктерді тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейту (дағдыларды тақырыптар және сыныптар бойынша күрделендіру);
- пәндік операциялардың ең маңызды түрлері бойынша жіктелетін және таным заңдылығына негізделген оқу мақсаттарының Блум таксономиясы бойынша иерархиясы;
- білім беру деңгейлері бойынша және бүкіл оқыту курсы бойында педагогикалық мақсаттарды тұжырымдау, бұл пәнішілік байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік береді;
- білім саласы ішіндегі пәндердің арасындағы байланыстарды, сондай-ақ пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру үшін ортақ тақырыптардың болуы;
- бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұнының уақыт талабына сәйкес болуы, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға баса назар аудару;
- оқу процесін ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлар түрінде технологияландырылуы болып табылады.

Жаңа оқу бағдарламаларының тағы бір ерекшелігі – олардың пәндік білім мен дағдыларды ғана емес, сондай-ақ, кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы. Оқу мақсаттарының жүйесі келесі кең ауқымды дағдыларды дамытудың негізі болып табылады: функционалдық және шығармашылық түрінде білімдерін қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынастың әртүрлерін қолдану, жеке және топта жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының икемділігі мен жан-жақтылығы оның маңызды сипаттамасы болып табылады. Тиісті тоқсанның аясында тараулар мен тақырыптарды игеруге бөлінетін сағат санын анықтау мұғалімдердің еркіне қалдырылған.

Жаңартылған білім мазмұнын жүзеге асыру аясында сабақты жоспарлауда оқытудың жаңа тәсілдерін қолдану ұсынылады. Яғни, озық тәжірибелерді, оқыту мен оқудағы, бағалау жүйесіндегі жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізудің тиімді жолдарын күшейту, оқытудағы әртүрлі сандық білім беру ресурстарын, мектепаралық желілік өзара іс-қимылды, мектепаралық оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, «мұғалімдермен алмасуды», мектептегі пәндер бойынша оқытуда жаңа технологияларды қолданудың шеберлік сабақтарын пайдалануды кеңейту қажет.

Негізгі орта білім деңгейі үшін үлгілік оқу жоспарын әзірлеу кезінде 5-9-сыныптарда, 7-9-сыныптарда алгебра және геометрияның материалдарынан кіріктірілген пән ретінде қарастырылатын «Математика» пәні ұйғарылады. Педагогикалық қауымдастықпен талқыланғаннан кейін, 7-9-сыныптарда «Математика» атты кіріктірілген пәнін екі сараланған: «Алгебра» және «Геометрия» пәндеріне бөлу ұсынылды, әрі «Алгебра» және «Геометрия» пәндерін дәстүрлі түрде оқыту қалдырылды. Қазақстан Республикасы Үкметінің 2017 жылғы 15- тамыздағы № 485 қаулысымен «Тиісті білім беру деңгейлерінің мемлекеттік жалпығы міндетті білім беру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкметінің 2012 жылғы 23- тамыздағы № 1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкметінің 2016 жылғы 13-мамырдағы № 292 қаулысына, негізгі орта білім беру деңгейінің үлгілік оқу жоспарларына өзгерістер енгізілді және сәйкесінше 5-9-сыныптарға арналған «Математика» үлгілік оқу бағдарламасы, 5-6-сыныптарға арналған «Математика», 7-9-сыныптарға арналған «Алгебра», 7-9-сыныптарға арналған «Геометрия» сияқты үш оқу бағдарламасына бөлінген [2, 3, 4, 5, 6]. Бұл арада 5-6-сыныптарға арналған «Математика» оқу пәнінің базалық мазмұны өзгеріссіз қалды; ал 7-8-9 -сныптарға арналған «Математика» оқу пәнінің базалық мазмұны «Алгебра» және «Геометрия» пәндеріне бөлінді.

Әдістемелік ұсыныстар жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне көмек көрсету мақсатымен ұсынылып отыр.

1 Білім мазмұнын жаңарту аясында «Математика» пәні оқу бағдарламасының ерекшеліктері (5-9 сыныптар)

Жаңартылған білім мазмұнын енгізу аясында негізгі орта білім беру деңгейінің «Математика және информатика» білім саласы бойынша 5-6 сыныптарда «Математика» пәні, 7-9 сыныптарда «Алгебра» және «Геометрия» пәндері оқытылады [2].

Осыған орай негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика және информатика» білім саласы бойынша жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары әзірленді (1.1-сызба) [4, 5, 6].

1.1-сызба – Үлгілік оқу бағдарламаларының атаулары

Негізгі орта білім беру деңгейінің «Математика және информатика» білім саласы бойынша 5-9 сыныптарда оқытылатын оқу пәндерінің мазмұнын анықтау кезінде 2017-2018 оқу жылы 4-сынып пен 6-сыныптарды қолданыстағы оқу бағдарламалары бойынша оқыған білім алушылар келетіні ескерілген. Сондықтан негізгі білім беру деңгейінде оқытылатын «Математика» және «Алгебра» пәндерінің жаңартылған білім мазмұны қолданыстағы осы пәндері бойынша оқу бағдарламаларымен салыстырғанда шамалы ғана өзгерістер бар. Ол өзгерістер стастистика және ықтималдықтар теориясының материалдарына қатысты. «Геометрия» пәнінің базалық мазмұнында өзгерістер жоқ.

Сонымен қатар, 5-6-сыныптарға арналған «Математика» оқу бағдарламасын әзірлеу барысында, яғни пәндердің мақсаты мен міндетін анықтауда, білім мазмұнын құрастыруда 1-4 сыныптардағы «Математика» пәні, 7-9-сыныптардағы «Алгебра» және «Геометрия» пәндерінінің оқу бағдарламаларын әзірлеу барысында 5-6 сыныптардағы «Математика» пәні оқу бағдарламаларында берілген мазмұны ескерілген.

Жаңартылған мазмұндағы 5-6-сыныптарға арналған «Математика», 7-9-сыныптарға арналған «Алгебра» және «Геометрия» пәндерінен үлгілік оқу бағдарламаларының құрылымына, пәндер бойынша базалық мазмұнының ерекшеліктерін қарастырайық.

I. *Үлгілік оқу бағдарламаларының құрылымы*

Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары үш тараудан тұрады. Сонымен қатар оқу бағдарламаларына қосымша ретінде Ұзақ мерзімді жоспар берілген.

Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары тарауларының атаулары 1.2-сызбамен көрсетілген.

1.2-сызба – Үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы

Осы тараулардың әрқайсысына «Математика», «Алгебра» және «Геометрия» пәндері бойынша тоқталайық.

1-тарау.

Оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

Осы тарауда пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері көрсетілген.

Негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика», «Алгебра», «Геометрия» пәндерін оқытудың мақсаты – пән мазмұнын сапалы игеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, ғылыми-жаратылыстану пәндерін игеруге қажетті математикалық білім мен дағдылардың негіздерін игеру, оқу пәні материалдары негізінде оқушылардың интеллектуалдық деңгейін дамыту.

Оқу пәнін оқытудың мақсатына сәйкес келесі міндеттер анықталған:

– «Сандар», «Алгебра», «Геометрия», «Статистика және ықтималдықтар теориясы», «Математикалық модельдеу және анализ» бөлімдері бойынша математикалық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау;

– әртүрлі мәнмәтінді есептерді шешуде математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, санды қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуге мүмкіндік беру;

– есептерді шешу мақсатында оқушылардың білімдерін математикалық модельдерді құруға және керісінше, шынайы процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттау;

– өздігінен оқуға және болашақ таңдаған мамандығы бойынша білімін жалғастыруға қажетті физика, химия, биология және басқа да теориялық облыстарда зерттеулер мен есептерді шешу үшін және практикалық іс-әрекеттерінде математикалық әдістерді қолданудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру;

– практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен анықтылығын орнатуда лайықты математикалық әдістерді таңдап алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

– коммуникативтік дағдыларын, оның ішінде, ақпаратты дұрыс және сауатты түрде беру, сонымен қатар әртүрлі ақпарат көздерінен, басылымдар мен электрондық құралдардан алынған ақпаратты қолдану қабілетін дамыту;

– өздігінен және топта жұмыс істеуде қажетті тәуелсіздік, жауапкершілік, бастамашылдық, табандылық, шыдамдылық пен толеранттылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту;

– математиканың даму тарихымен, математикалық ұғымдардың пайда болу тарихымен таныстыру;

– математиканы оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту.

2-тарау.

Екінші тарауда алдымен негізгі білім беру деңгейінің үлгілік оқу жоспарына сәйкес 5-6 сыныптарда «Математика», 7-9 сыныптарда «Алгебра» және «Геометрия» пәндерін оқытуға бөлінген оқу жүктемелерінің көлемі көрсетілген.

«Қазақстан Республикасын,дағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 7 шілдедегі №432 бұйрыгына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 18 тамыз №422 бұйрығы бойынша 5-6 сыныптарда «Математика» пәніне бөлінген оқу жүктемесі 2012 жылғы Үлгілік оқу жоспарымен салыстырғанда 1сағатқа кеміді, ал 7-9-сыныптарда «Алгебра» және «Геометрия» пәндеріне бөлінген оқу жүктемесі өзгеріссіз қалды (1.1-кесте) [3].

1.1-кесте – Оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің аталуы	Жалпы жүктеме, сағат	
		Апталық	Жылдық
5	Математика	5	170
6	Математика	5	170
7	Алгебра	3	102
	Геометрия	2	68
8	Алгебра	3	102
	Геометрия	2	68
9	Алгебра	3	102
	Геометрия	2	68

1.1.-кестесінен көріп отырғандай, жаңартылған білім мазмұнын енгізу аясында негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика және информатика» білім саласы бойынша 7-9 -сыныптарда «Алгебра» және «Геометрия» пәндерін оқытуға бөлінген сағат сандары өзгеріссіз қалған. Ал 5-6 сыныптарда «Математика» пәнін оқытуға бөлінген сағат саны 2012 жылғы Үлгілік оқу жоспарымен салыстырғанда сағат саны бір сағатқа кеміген.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемінен кейін пәннің базалық мазмұны берілген. Әр сыныпқа қатысты өзгерістерге тоқталайық.

5-сынып.

1-кестеден көріп отырғанымыздай, 2012 жылғы Үлгілік оқу жоспарымен салыстырғанда 5-6-сыныптарда математика пәнін оқытуға 5 сағат бөлінген. Жоғарыда айтылғандай 5-сыныпта «Математика» оқу пәнінің базалық мазмұнында шамалы ғана өзгерістер. Сағат санына байланысты өзгерістер «Натурал сандар және нөл саны» тарауына қатысты. Қолданыстаға бағдарламада осы тарауға 48 сағат бөлінген болса, жаңартылған оқу бағдарламасына берілген ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес игеруге шамамен 15 сағат бөлінген.

Қалған тарауларды игеруге бөлінген сағат сандары өзгеріссіз. «Математикалық моделдеу және анализ» бөліміне баса назар аударылған.

Осы сыныптағы үлгілік оқу бағдарламасындағы шамалы өзгерістерге тоқталайық.

Үлгілік оқу бағдарламасына «Жиын» тарауы және «шиыршық» принципін сақтау мақсатында «Кеңістік фигураларының жазбалары» тарауы қосылды, ал оның есесіне сандардың арифметикалық ортасы, мода, медиана, ауытқу ұғымдары 6-сыныпта қарастырылады.

6-сынып.

Қолданыстағы оқу бағдарламасы бойынша 6-сыныпта қарастырылатын «Функция. Сызықтық функция» тарауының кейбір тақырыптары 7-сыныпқа көшіріліп, аталған тараудың қалған тақырыптары «Шамалар арасындағы тәуелділіктер» тарауы болып берілді.

«Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер мен олардың жүйелері» тарауындағы «Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешу» тақырыбы 7-сыныпқа көшірілді.

7-9 сыныптар.

Осы сыныптардағы өзгерістер практикаға бағытталған есептерді қарастыруға байланысты «Статистика элементтері», «Комбинаторика элементтері», «Ықтималдықтар теориясы» тарауларының тақырыптарына ғана қатысты. Ол өзгерістерді төменде қарастыратын боламыз.

Сонымен қатар, екінші тарауда оқу пәніне байланысты базалық мазмұн қандай бөлімдерді қамтитыны, әр бөлім қандай бөлімшелерден тұратыны көрсетілген.

Яғни, жаңартылған білім мазмұны аясында 5-6-сыныптарға арналған «Математика», 7-9-сыныптарға арналған «Алгебра», 7-9-сыныптарға арналған «Геометрия» оқу пәндерінің мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған.

Әр сынып бойынша осы бөлімдер мен бөлімшелерді қарастырайық.

Атап айтқанда жаңартылған білім мазмұны аясында 5-6-сыныптардағы «Математика» оқу пәнінің мазмұны бес бөлімнен тұрады (1.3-сызба).



1.3-сызба – 5-6-сыныптарға арналған «Математика» оқу бағдарламасының бөлімдері

7-9-сыныптардағы «Алгебра» оқу пәнінің алдыңғы сыныптарда игерілген математика курсының жалғасы болып табылғандықтан осы оқу пәнінің базалық мазмұны 5-6-сыныптарда қарастырылатын бес бөлімнің төртеуі әрі жалғасады. Атап айтқанда 7-9-сыныптарда «Геометрия» пәні жеке оқытылатын болғандықтан «Геометрия» бөлімі қарастырылмайды.

Жаңартылған білім мазмұны аясында 7-9-сыныптардағы «Алгебра» оқу пәнінің мазмұны 1.4-сызбада көрсетілген.



1.4-сызба – 7-9-сыныптарға арналған «Алгебра» оқу бағдарламасының бөлімдері

Жаңартылған білім мазмұны аясында 7-9-сыныптардағы «Геометрия» оқу пәнінің мазмұны бір бөлімнен тұрады (1.5-сызба).

1.5-сызба – 7-9-сыныптарға арналған «Геометрия» оқу бағдарламасының бөлімдері

Бөлімдер бөлімшелерден тұрады, ал бөлімшелер үлгілік оқу бағдарламасының үшінші тарауында берілген оқыту мақсаттарымен тығыз байланысты. Сондықтан бөлімшелердің атауларын оқыту мақсаттарымен, яғни үшінші тарауда қарастырамыз.

3-тарау.

Бұл тарау күтілетін нәтижелер (біліктер немесе дағдылар, білім немесе түсініктер) түрінде берілген оқыту мақсаттарына арналған. Оқыту мақсаттары кодтық белгімен көрсетілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 6.2.1.4. кодында «6» - сынып, «2.1» - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «4» - оқыту мақсатының реттік саны.

Оқыту мақсаттарының берілуін бөлімшелерді қарастыра отырып талдайық.

5-6 сыныптардағы «Математика» және 7-9 сыныптардағы «Алгебра» оқу пәндері бойынша оқу бағдарламаларындағы «Сандар» бөлімі бірдей бөлімшелерден тұрады (1.6-сызба).



1.6-сызба – «Сандар» бөлімі

«Сандар» бөлімі бөлімшелерінің атаулары бірдей болғанмен осы бөлімді игеруге қойылатын оқу мақсаттары сыныптан сыныпқа көшкен сайын кеңее түседі. Мысал ретінде осы оқу бағдарламаларындағы «Сандар және шамалар туралы түсініктер» бөлімшесінің оқу мақсаттарын қарастырайық.

«Сандар және шамалар туралы түсініктер» бөлімшелерінде дәстүрлі түрде 5-6 сыныптардағы «Математика» оқу бағдарламасында натурал сандар жиыны, жай және ондық бөлшектер, бүтін және рационал сандар жиындары және пайыз, ал 7-9-сыныптардағы «Алгебра» оқу бағдарламасында иррационал мен нақты сандар жиыны, квадрат түбір, бұрыштың радиандық және градустық өлшемдері қарастырылады Осы бөлімшенің әр сынып бойынша оқыту мақсаттары 1.2-1.3-кестелермен берілген.

1.2-кесте – 5-6 сыныптарға арналған «Математика» оқу бағдарламасындағы «Сандар және шамалар туралы түсініктер» бөлімшесінің оқыту мақсаттары

«Сандар және шамалар туралы түсініктер» бөлімшесі	
5-сынып	6-сынып
5.1.1.1 - натурал сандар жиыны ұғымын меңгеру; 5.1.1.2 - тақ және жұп сандар ұғымдарын меңгеру; 5.1.1.3 - натурал сан дәрежесінің анықтамасын білу; 5.1.1.4 - натурал санды ондық жазылу түрінде көрсету; 5.1.1.5 - натурал санның бөлгіші мен еселігі анықтамаларын білу; 5.1.1.6 - жай және құрама сандардың анықтамаларын білу; 5.1.1.7 - ортақ бөлгіш, ортақ еселік, ең үлкен ортақ бөлгіш (ЕҮОБ), ең кіші ортақ еселік (ЕКОЕ) ұғымдарының анықтамаларын білу; 5.1.1.8 - өзара жай сандардың анықтамасын білу; 5.1.1.9 - жай бөлшек ұғымын меңгеру; 5.1.1.10 - дұрыс және бұрыс бөлшектерді ажырату; 5.1.1.11 - аралас сан анықтамасын білу; 5.1.1.12 - өзара кері сандар анықтамасын білу; 5.1.1.13 - ондық бөлшек ұғымын меңгеру; 5.1.1.14 - ондық бөлшек түрінде жазылған сандардың теңдігін түсіну, мысалы, 1,3 және 1,30; 5.1.1.15 - санның жуық мәні ұғымын меңгеру;	6.1.1.1 - екі санның қатынасы нені көрсететінін түсіну; 6.1.1.2 - қандай шамалар тура пропорционалды болатынын түсіну және оларға мысалдар келтіру, есептер шығару; 6.1.1.3 - қандай шамалар кері пропорционалды болатынын түсіну және оларға мысалдар келтіру,есептер шығару; 6.1.1.4 - координаталық түзудің анықтамасын білу және координаталық түзуді салу; 6.1.1.5 - масштаб ұғымын меңгеру; 6.1.1.6 - бүтін сан ұғымын меңгеру; 6.1.1.7 - қарама-қарсы сандар ұғымын меңгеру, оларды координаталық түзуде белгілеу; 6.1.1.8 - рационал сан ұғымын меңгеру; 6.1.1.9 - санның модулі анықтамасын білу және оның мәнін табу;

5.1.1.16 - пайыз ұғымын меңгеру;	

1.3-кесте – 7-9-сыныптардағы «Алгебра» оқу бағдарламасындағы «Сандар және шамалар туралы түсініктер» бөлімшесінің оқыту мақсаттары

. «Сандар және шамалар туралы түсініктер» бөлімшесі		
7-сынып	8-сынып	9-сынып
7.1.1.1 - сандарды стандарт түрде жазу;	8.1.1.1 - иррационал және нақты сандар ұғымдарын меңгеру; 8.1.1.2 - санның квадрат түбірі және арифметикалық квадрат түбірі анықтамаларын білу және ұғымдарын ажырату;	9.1.1.1 - бұрыштың радиандық өлшемі ұғымын меңгеру; 9.1.1.2 - бірлік шеңбердің бойында $0; \frac{\pi}{2}; \pi; \frac{3\pi}{2}; 2\pi$ сандарын белгілеу;

7-9-сыныптарға арналған «Алгебра» оқу бағдарламасындағы «Алгебра» бөлімінің бөлімшелер саны 5-6-сыныптарға арналған «Математика» оқу бағдарламасындағы осы бөлімінің бөлшелер санынан артық. Атап айтқанд, 7-9-сыныптарда дәстүрлі түрде тригонометрия материалдары қарастырылады. 1.7, 1.8-сызбаларда «Алгебра» бөлімінің сәйкесінше 5-6-сыныптардағы және 7-9-сыныптардағы бөлімшелері көрсетілген.



1.7-сызба – «Алгебра» бөлімі (5-6 сыныптар)



1.8-сызба – «Алгебра» бөлімі (7-9 сыныптар)

5-6 сыныптарға арналған «Математика» оқу бағдарламасындағы үшінші бөлім – «Геометрия» бөлімі бөлімшелерінің атаулары 7-9 сыныптарға арналған «Геометрия» оқу бағдарламасындағы «Геометрия» бөліміндегі бөлімшелердің атауымен бірдей (1.9-сызба).



1.9-сызба. «Геометрия» бөлімі (5-6 сыныптар, 7-9 сыныптар)

5-6 сыныптарға арналған «Математика» оқу бағдарламасындағы «Геометрия» бөлімінің мазмұны білім алушылардың бастауыш сыныптарда алған геометриялық түсініктерін және 7-9 сыныптарда оқытылатын «Геометрия» пәнінің мазмұнын ескере отырып, құрастырылған. Қолданыстағы 5-6 сыныптардағы «Математика» оқу бағдарламасымен салыстырғанда «Геометрия» бөліміне «Векторлар және түрлендірулер» бөлімшесі енгізілген. Бұл бөлімше математика мен физика пәндері арасындағы пәнаралық байланысты жүзеге асыру мақсатында 6-сыныпта ғана берілген. Осы бөлімше боынша оқыту мақсаттары 1.4-кестеде көрсетілген.

1.4-кесте – 5-6 сыныптарға арналған «Математика» оқу бағдарламсындағы «Векторлар және түрлендірулер» бөлімшесінің оқыту мақсаты

	5.3.4.	6.3.4.
Векторлар және түрлендірулер		6.3.4.1 - вектор анықтамасын білу және оны кескіндеу;

Жоғарыда үлгілік оқу бағдарламасындағы өзгерістер «Статистика және ықтималдықтар теориясы» бөліміне қатысты екені айтылды. 1.10-сызбада осы бөлімнің 5-6 сыныптарда, 1.11-сызбада 7-9 сыныптарда қарастырылатын бөлімшелері көрсетілген.



1.10-сызба – «Статистика және ықтималдықтар теориясы» бөлімі (5-6 сыныптар)



1.11-сызба – «Статистика және ықтималдықтар теориясы» бөлімі (7-9 сыныптар)

«Статистика және ықтималдықтар теориясы» бөлімінің «Жиындар теориясы және логика элементтері» бөлімшесі 5-сыныпта ғана қарастырылады. Осы бөлімше бойынша оқыту мақсаттары 1.5-кестеде берілген.

1.5-кесте – «Жиындар теориясы және логика элементтері» бөлімшесінің оқыту мақсаттары

Жиындар теориясы және логика элементтері	5.4.1.
	5.4.1.1 - жиын, оның элементтері, бос жиын ұғымдарын меңгеру; 5.4.1.2 - жиындардың қиылысуы және бірігуі анықтамаларын білу; 5.4.1.3 - берілген жиындардың қиылысуы мен бірігуін табу, нәтижесін ∪, ∩ символдарын қолданып жазу; 5.4.1.4 - ішкі жиын ұғымын меңгеру; 5.4.1.5 - жиындар арасындағы қатынастардың сипаттамасын анықтау (қиылысатын және қиылыспайтын жиындар);

Яғни, 5-сыныпта білім алушылар жиын және ішкі жиын ұғымдарын, жиындардың қиылысуы мен бірігуін, Эйлер-Венн дөңгелектерін қолданып мәтінді есептерді шешуді қарастырады.

«Статистика және ықтималдықтар теориясы» бөлімінің «Комбинаторика негіздері» бөлімшесі 6-сыныпта қарастырылып, 9-сыныпта жалғасын табады. Осы бөлімше бойынша оқыту мақсаттары 1.6-кестеде берілген.

1.6-кесте – «Комбинаторика негіздері» бөлімшесінің оқыту мақсаттары

	6.4.2.	9.3.1.
Комбинаторика негіздері	6.4.2.1 - іріктеу тәсілмен комбинаторикалық есептерді шығару;	9.3.1.1 - комбинаториканың ережелерін білу (қосу және көбейту ережелері); 9.3.1.2 - санның факториалы анықтамасын білу; 9.3.1.3 - қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру анықтамаларын білу; 9.3.1.4 - қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру сандарын есептеу үшін комбинаторика формулаларын білу; 9.3.1.5 - қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру сандарын есептеу үшін комбинаторика формулаларын қолдана отырып есептер шығару; 9.3.1.6 - Ньютон биномы формуласын және оның қасиеттерін білу және қолдану;

1.6-кестеден көріп отырғандай, «Комбинаторика негіздері» бөлімшесінің оқыту мақсаттарына сәкес 6-сыныпта комбинаторикалық есептерді іріктеу тәсілімен шешу қарастырылатын болса, 9-сыныпта комбинаториканың ережелері мен негізгі элементтері (қайталанбайтын орналастыру, алмастыру, теру), олардың формулалары, сонымен қатар Ньютон биномы беріледі.

1.10-1.11 сызбалардан «Статистика және ықтималдықтар теориясы» бөлімінің «Ықтималдықтар теориясының негіздері» бөлімшесі 9-сыныпта ғана қарастырылатынын көреміз. Осы бөлімше бойынша оқыту мақсаттары 1.7-кестеде берілген.

1.7-кесте – «Ықтималдықтар теориясының негіздері» бөлімшесінің оқыту мақсаттары

	9.3.2.
Ықтималдықтар теориясының негіздері	9.3.2.1 - оқиға, кездейсоқ оқиға, ақиқат оқиға, мүмкін емес оқиға, қолайлы нәтижелер, тең мүмкіндікті және қарама-қарсы оқиғалар ұғымдарын меңгеру; 9.3.2.2 - элементар және элементар емес оқиғаларды ажырату; 9.3.2.3 - ықтималдықтың классикалық анықтамасын білу және есептер шығару үшін оны қолдану; 9.3.2.4 - ықтималдықтың статистикалық анықтамасын білу; 9.3.2.5 - геометриялық ықтималдықты есептер шығаруда қолдану;

«Статистика және ықтималдықтар теориясы» бөлімінің «Статистика және деректерді талдау» бөлімшесі 5-6-сыныптарда қарастырылады. Осы бөлімше бойынша оқыту мақсаттары 1.8-кестеде берілген.

1.8-кесте – «Статистика және деректерді талдау» бөлімшесінің оқыту мақсаттары

5.4.3	6.4.3.	7.3.3.	8.3.3.
5.4.3.1 - дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар туралы түсініктері	6.4.3.1 - бірнеше сандардың арифметикалық ортасы, санды деректердің құлашы,	7.3.3.1 - басты жиынтық, кездейсоқ таңдама, вариациялық қатар, нұсқалық ұғымдарын меңгеру; 7.3.3.2 - нұсқалықтың абсолютті және	8.3.3.1 - таңдама нәтижелерін жиіліктердің интервалдық кестесі арқылы беру; 8.3.3.2 - жиіліктердің

болу; 5.4.3.2 - дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар салу; 5.4.3.3 - кесте немесе диаграмма түрінде берілген статистикалық ақпаратты алу;	медианасы, модасының анықтамаларын білу; 6.4.3.2 - статистикалық санды сипаттамаларды есептеу;	салыстырмалы жиіліктерін есептеу; 7.3.3.3 - статистикалық деректерді жинау және оны кесте түрінде көрсету; 7.3.3.4 - таңдаманы жиілік кестесі түрінде көрсету 7.3.3.5 - кестедегі деректердің дұрыстығын тексеру; 7.3.3.6 - таңдама нәтижесін жиілік алқабы түрінде көрсету; 7.3.3.7 - кесте немесе жиіліктер алқабы түрінде берілген статистикалық ақпаратты талдау;	интервалдық кестесінің деректерін жиіліктер гистограммасы арқылы беру; 8.3.3.3 - жинақталған жиілік анықтамасын білу; 8.3.3.4 - статистикалық кестемен, алқаппен, гистограммамен берілген ақпаратты талдау; 8.3.3.5 - дисперсия, стандартты ауытқу анықтамаларын және оларды есептеу формулаларын білу;

«Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында» білім алушылардың теориялық білім негіздерін меңгеруін және алған білімдерін қолданбалы сипаттағы міндеттерді шешу үшін қолдана білу іскерлігін дамытуды көздейтін негізгі орта білім берудің академиялық және практикалық бағыттылығының үйлесімділігіне бағытталған» деп көрсетілген [2].

Осыған орайда жаңартылған мазмұндағы 5-6 сыныптарға арналған «Математика», 7-9 сыныптарға арналған «Алгебра» пәндерінен үлгілік оқу бағдарламаларында «Статистика және ықтималдықтар теориясы» бөліміне ерекше көңіл аударылған.

Математикалық құзыреттілік – ол, шыққан нәтижелерді түсіндіру, оны талдау және түрлендіру, жағдайдың математикалық моделін жасау, математикалық қатынастарды мүшелеу, мәліметтерді (жағдайды) құрылымдау қабілеттілігі. Басқаша айтқанда, оқушының математикалық құзыреттілігі, күнделікті өмірде пайда болатын мәселелерді шешу үшін математиканы дәлме-дәл қолдануға мүмкіндік береді.

Білім алушының математикалық сауаттылығын дамытуда:

- математикалық моделдерді құрастыру және зерттеу;

- нақты байланысты функцияның көмегімен суреттеу және зерттеу, оларды график түрінде беру; нақты үдерістерді графиктерін түсіндіру;

- геометриялық, физикалық, экономикалық және басқа да қолданбалы есептерді, оның ішінде математикалық анализ аппаратында қолданылатын ең үлкен және ең кіші мәндерге арналған есептерді шешу;

- диаграмма, графиктер, статистикалық сипаттағы ақпараттарды талдау түрінде берілген нақты сандық мәліметтерді талдау;

- оқып игерілген формулалар мен фигуралар қасиеттері негізінде қарапайым тәжірибелік жағдайларды зерттеу (модельдеу);

- қажет болған жағдайда анықтамалықты және есептеуіш құрылғыны пайдаланып, тәжірибелік есептерді шешу кезінде нақты объектілердің ұзындықтарын, аудандарын және көлемдерін есептеу;

- есептеу үшін белгілі формулаларды пайдаланып амалдардың нәтижелерін дөңгелектеуді және бағалауды (шамалауды) қоса алғанда есептеу жүргізе білу;

- әр түрлі формада берілген (кесте, диаграмма, графиктер, схема және т.б.) ақпаратты алу және түсіндіре білу;

- практикалық мазмұнды есептерді шешу кезінде нақты объектілердің ұзындықтарын, аудандарын және көлемдерін есептей білуі;

- есепті шешуде математиканы пайдалану үшін, мәнмәтіні шынайы шарттарды қамтамасыз ететін, оның шешуіне және түсіндіруіне әсер ететін есептерді шешуге басты назар аударылады.

Осы көрсетілген қызметтер қолданыстағы үлгілік оқу бағдарламаларындағы сияқты жаңартылған мазмұндағы типтік оқу бағдарламаларында да математикалық модельдеу және анализ бастмаларымен байланысты.

Сонымен, аталған қызметтер түрі 5-6 сыныптарға арналған «Математика» үлгілік оқу бағдарламасында көрсетілген бөлімдердің бесінші, 7-9 сыныптарға арналған «Алгебра» үлгілік оқу бағдарламасында төрінші «Математикалық модельдеу мен анализ» бөлімінің оқыту мақсаттарымен айқындалған.

7-9 сыныптарға арналған «Алгебра» оқу бағдарламасындағы «Математикалық модельдеу мен талдау» бөлімінің бөлімшелер саны 5-6 сыныптарға арналған «Математика» оқу бағдарламасындағы осы бөлімінің бөлшелер санынан артық. Атап айтқанд, 7-9 сыныптарда дәстүрлі түрде математикалық анализ бастамалары материалдары қарастырылады. 1.12, 1.13-сызбаларда «Математикалық модельдеу мен анализ» бөлімінің сәйкесінше 5-6 сыныптардағы және 7-9 сыныптардағы бөлімшелері көрсетілген.



1.12-сызба – «Математикалық модельдеу мен анализ» бөлімі (5-6 сыныптар)



1.13-сызба – «Математикалық анализ бастамалары» бөлімі (7-9 сыныптар)

Тілдік мақсаттар ғылыми тілді үйрену үшін маңызды құрал болып табылады. Оқушылардың өздерінен не күтілетіндігін түсінуі тілдік мақсаттардың анық құрылуына тікелей байланысты. Сондай-ақ, тілдік

мақсаттар мұғалімдер мен оқушыларға оқуға деген ынтаны қалыптастыруға, өлшеуге және қолдауға көмектеседі. Пәндік мазмұнды оқытуға, әрі ғылыми тілді үйретуге тұрақты екі бағытты ұстанатын пән мұғалімдері оқушыларға үлгі көрсетіп, пән мен тілді қатар алып жүруге көмектеседі.

Ғылыми тілді оқып үйренуді қолдау үшін мұғалімдерге оқу жоспарларына мынадай тілдік мақсаттарды қосу ұсынылады:

- оқушылардың назарын ғылыми тілге аудару (мысалы, пән бойынша оқу мақсаттарына жету үшін қажетті терминология мен тіркестері бар лексика);
- сабақ барысында пән мазмұнының ұғымдарын қолдануға қажетті жұмыс тілін қалыптастыру (мысалы, топтық жұмыстар, сұрақты дұрыс қоя білу, жағдайды талдау және пікірталас жүргізу үшін қажетті тіркестер);
- сабақ барысында лексиканы, оның ішінде терминология мен тіркестерді орынды пайдалану үшін оларды алдын ала оқыту кезеңінде тиімді қолдану;
- оқушылардың тілдік дағдының төртеуін де түрлі әрекеттерде (мысалы, оқылым-тыңдалым, оқылым-жазылым, оқылым-айтылым,тыңдалым-жазылым және т.б.) әртүрлі мақсаттарға қол жеткізу үшін қолдану;
- оқушыларды пікірталас, диалогтарға тарту (мысалы, оқушылардан қысқа жауаптарды қабылдамау және жауаптары тек білімді ғана көрсететін сұрақтар қоймау; оқушыларды өз білімін нәтижелі талқылау үшін пайдалануға ынталандыру, сондай-ақ оқушылар диалогқа қатыса алуы үшін қажет бай сөздік қормен қамтамасыз ету);
- белгілі бір тілге тән дағдыларды дамыту (мысалы, қажетті мәліметті алу үшін тыңдау, түсіндіру, металингвистикалық және метакогнитивтік танымды дамыту, басқа сөзбен айту, сөздікпен жұмыс істеу дағдылары);
- тіл туралы сын тұрғысынан ойлауды дамыту (мысалы, тілдерді салыстыру, оқушылардың тілді барынша нақты пайдалануға ынталандыру, тілді меңгерудегі жетістіктерін бағалау);
- сабақтың басында тілдік мақсатты белгілеу, сабақтың соңында осы мақсат бойынша қол жеткізілген жетістіктерді талқылау.

Тілдік мақсат үлгісі сонымен бірге ғылыми тілдің құрамдас бөліктерін қамтиды, оны пайдалану мен есте сақтауға оқушылардың назарын аудару маңызды. Олар келесі тақырыпшалар арқылы көрсетілген: пәнге тән арнайы лексика және терминология, диалог/жазылым үшін қажетті тіркестер. Берілген тіл оқушылар үшін түсінікті әрі анық болса, бұл олардың пәндік мақсаттар мен тілдік мақсаттарға қол жеткізулеріне көмектеседі.

Тілдік мақсаттарды құру үшін келесі етістіктерді пайдалануға болады: талдау, санаттарға бөлу, таңдау, жіктеу, салыстыру, байланыстыру, сәйкестендіру, көшіру, құру, сынау, анықтау, сипаттау, құрастыру, бағалау, түсіндіру, мысалдар келтіру, болжау, негіздеу, келіссөздер жүргізу, өндіру, балама шешімдер ұсыну, себептерді түсіндіру, пысықтау, қайта ұйымдастыру, басқа сөзбен айту, мазмұндау, қайта қарап шығу, көшіріп алу, рөлдік ойындар ойнау, қорытындылау, синтездеу және жазу, әртүрлі мақсаттар үшін пайдалану, өз сөзімен анықтама жазу, безендіру.

Кейбір тілдік мақсаттарды пән мазмұнының оқу мақсаты деп те қарастыруға болатынына қарамастан, мазмұн мен тілдің бөлінуі оқушылардың мазмұнға да, тілге де бірдей назар аударуларына ықпал етеді. Бұл, сонымен қатар, жауаптар/шешімдерге және үдерістерге теңдей назар аударуға көмектеседі. Атап айтқанда, осы үдерістерге назар аудару тілдің дұрыс қолданылуы мен ойлау әрекетінің жақсаруына жағдай жасайды.

Тілдік емес пәндердің оқыту мақсаттарының көпшілігі мазмұнға негізделеді, бірақ кем дегенде бір мақсатты тілді дамытуға арнау қажет.

5-6 сыныптарға арналған «Математика», 7-9 ыныптарға арналған «Алгебра», 7-9 ыныптарға арналған «Геометрия» үлгілік оқу бағдарламаларындағы математикалық моделді құра білуге, математикалық тілді дамытуға бағытталған оқу мақсаттары «Математикалық тіл және математикалық модель» бөлімінде көрсетілген. 1.9 және 1.10-кестелерде жеке-жеке сыныптар бойынша осы бөлім бойынша оқыту мақсаттары көрсетілген.

1.9-кесте. «Математикалық тіл және математикалық модель» бөлімінің оқыту мақсаттары (5-6 сыныптар)

	5.5.2.	6.5.2.
Математикалық тіл және математикалық модель	5.5.2.1 - жай бөлшектерді оқу және жазу; 5.5.2.2 - натурал сандарды координаталық сәуледе кескіндеу; 5.5.2.3 - жай бөлшектерді, аралас сандарды координаталық сәуледе кескіндеу; 5.5.2.4 - ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу; 5.5.2.5 - ондық бөлшектерді оқу және жазу; 5.5.2.6 – натурал сандарды салыстырудың нәтижесін $>, <, =$ белгілері арқылы жазу; 5.5.2.7 - натурал сандарды салыстыру мен реттеуді талап ететін жағдайды зерттеу;	6.5.2.1 - екі санның қатынасын оқу және жазу; 6.5.2.2 - пропорцияны оқу және жазу; 6.5.2.3 - шамаларды сипаттау үшін бүтін сандарды қолдану; 6.5.2.4 - мәтінді есептер шығаруда айнымалысы бар өрнектер мен формулалар құрастыру; 6.5.2.5 - шамалар арасындағы тәуелділікке есептер шығару; 6.5.2.6 - шамалар арасындағы тәуелділіктердің берілу тәсілдерін білу; 6.5.2.7 - сипаттамасы бойынша тәуелділіктің

	5.5.2.8 - жиындармен жұмыс істеуде $\subset, \cup, \cap, \emptyset, \in, \notin$ символдарын қолдану; 5.5.2.9 - жазық фигуралардың және кеңістіктегі геометриялық фигуралардың жазбаларын салу (текше және тік бұрышты параллелепипед);	формуласын жазу; 6.5.2.8 - формуламен немесе графикпен берілген тәуелділіктердің кестесін құру; 6.5.2.9 - формуламен және кестемен берілген тәуелділіктердің графиктерін салу; 6.5.2.10 - шынайы процестердің графиктерін қолданып, шамалар арасындағы тәуелділіктерді табу және зерттеу; 6.5.2.11 - тура пропорционал шамалардың арасындағы шынайы тәуелділіктердің графиктеріне талдау беру; 6.5.2.12 - сипаттамасы бойынша тура пропорционалдықтың формуласын жазу; 6.5.2.13 - тура пропорционалдықтың графигін салу;

1.10-кесте. «Математикалық тіл және математикалық модель» бөлімінің оқыту мақсаттары (7-9 сыныптар)

Матема-тикалық тіл және матема-тикалық модель	7.4.3.	8.4.3.	9.4.3.
	7.4.3.1 - есеп шарты бойынша математикалық модель құру;	8.4.3.1 - есеп шарты бойынша математикалық модель құру;	9.4.3.1 - есеп шарты бойынша математикалық модель құру;

Үшінші тараудан кейін жаңартылған мазмұндағы 5-6 сыныптарға арналған «Математика», 7-9 сыныптарға арналған «Алгебра», 7-9 сыныптарға

арналған «Геометрия» пәндерінен үлгілік оқу бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша бағдарламаларға қосымша ретінде Ұзақ мерзімді жоспар берілген.

Ұзақ мерзімді жоспарларда: білімді дамытудың жалпы қағидалары (дамыту тұжырымдамасы); дамыту бағдарламасы және басты бағыты; алға қойылған білім беру мақсаттарына жітуді қамтамасыз ететін маңызды іс-шараларды жүзеге асырудың реті мен мазмұны көрсетіледі.

Ұзақ мерзімді жоспарда пән бойынша базалық мазмұнның, тараулардың атаулары, әр тараудың тақырыптары, тақырыптарға сәйкес оқыту мақсаттары тоқсандар бойынша көрсетілген. Мысалы, 6-сыныпқа арналған «Математика» үлгілік оқу бағдарламасындағы 3-тоқсанның ұзақ мерзімді жоспары 1.11-кестеде, 8-сыныпқа арналған «Алгебра» үлгілік оқу бағдарламасындағы 1-тоқсанның ұзақ мерзімді жоспары 1.12-кестеде, 9-сыныпқа арналған «Геометрия» үлгілік оқу бағдарламасындағы 4-тоқсанның ұзақ мерзімді жоспары 1.13-кестеде көрсетілген.

1.11-кесте – 6-сыныпқа арналған «Алгебра» үлгілік оқу бағдарламасындағы Ұзақ мерзімді жоспардан үзінді

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
3-тоқсан		
Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу	Санды теңдіктер және олардың қасиеттері	6.2.2.1 - тура санды теңдіктердің қасиеттерін білу және қолдану;
	Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу. Мәндес теңдеулер. Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу	6.2.2.2 - бір айнымалысы бар сызықтық теңдеудің, мәндес теңдеулердің анықтамаларын білу; 6.2.2.3 - бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу;
	Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы барсызықтық теңдеу	6.2.2.4 - $\lvert x \pm a \rvert = b$ түріндегі теңдеулерді шешу, мұндағы a және b – рационал сандар;
	Теңдеулер көмегімен мәтінді есептерді шығару	6.5.1.6 - мәтінді есептерді сызықтық теңдеулерді құру арқылы шығару;
Бір айнымалысы бар сызықтық	Санды теңсіздіктер және олардың қасиеттері	6.2.2.5 - тура санды теңсіздіктердің қасиеттерін

теңсіздіктер		білу және қолдану; 6.2.2.6 - теңсіздіктерді қосу, азайту, көбейту және бөлуді түсіну және қолдану;
	Сан аралықтар. Сан аралықтардың бірігуі мен қиылысуы	6.2.2.7 - сан аралықтарын жазу үшін белгілеулерді пайдалану; 6.2.2.8 - сан аралықтарды кескіндеу; 6.2.2.9 - сан аралықтардың бірігуін және қиылысуын табу;
	Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу	6.2.2.10 - $kx > b,\ kx \geq b, kx < b,\ kx \leq b$ түріндегі сызықтық теңсіздіктерді шешу; 6.2.2.11 - алгебралық түрлендірулердің көмегімен теңсіздіктерді $kx > b,\ kx \geq b,\ kx < b,\ kx \leq b$ түріндегі теңсіздіктерге келтіру; 6.2.2.12 - теңсіздіктердің шешімдерін координаталық түзуде кескіндеу; 6.2.2.13 - теңсіздіктердің шешімдерін сан аралығы арқылы және берілген сан аралығын теңсіздік түрінде жазу;
	Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесі. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу	6.2.2.14 - бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу;
	Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік.	6.2.2.15 - $\lvert x\rvert > a, \lvert x\rvert \geq a, \lvert x\rvert < a, \lvert x\rvert \leq a$ теңсіздіктер түрінде берілген нүктелер жиынын

	Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу	координаталық түзуде кескіндеу;
Координаталық жазықтық	Перпендикуляр түзулер және кесінділер. Параллель түзулер және кесінділер	6.3.2.1 - параллель, қиылысатын, перпендикуляр түзулердің анықтамаларын білу; 6.3.2.2 - параллель, перпендикуляр түзулер мен кесінділерді ажырату;
	Координаталық жазықтық. Тікбұрышты координаталар жүйесі	6.3.1.1 - координаталық жазықтық ұғымын меңгеру; 6.3.1.2 - тік бұрышты координаталар жүйесін салу; 6.3.1.3 - $(x; y)$ реттелген сандар жұбы тікбұрышты координаталар жүйесінде нүктені беретінін және әрбір нүктеге нүктенің координаталары деп аталатын бір ғана реттелген сандар жұбының сәйкес болатынын түсіну; 6.3.1.4 - координаталар жүйесінде нүктені оның координаталары бойынша салу және координаталық жазықтықта берілген нүктенің координаталарын табу; 6.3.2.3 - кесінділердің, сәулелер немесе түзулердің бір-бірімен, координаталық осьтермен қиылысу нүктелерінің координаталарын графиктік тәсілмен табу;
	Центрлік симметрия.	6.3.1.5 - осьтік және центрлік симметрия

	Осьтік симметрия	ұғымдарын меңгеру; 6.3.1.6 - осьтік немесе центрлік симметриясы болатын фигуралар туралы түсінігі болуы; симметриялық және центрлік-симметриялы фигураларды ажырату; 6.3.2.5 - тік бұрышты координаталар жүйесінде координаталар басы және координаталық осьтерге қатысты симметриялы нүктелер мен фигураларды салу;
Кеңістіктегі фигуралар	Фигуралардың кеңістікте орналасуы. Кеңістік фигураларын кескіндеу, «көрінбейтін» сызықтар. Вектор ұғымы.	6.3.2.4 - кескіні бойынша фигураны ажырату, жазық және кеңістік фигураларын кескіндеу; 6.3.4.1 - вектор анықтамасын білу және оны кескіндеу;

1.12-кесте – 8-сыныпқа арналған «Алгебра» үлгілік оқу бағдарламасындағы Ұзақ мерзімді жоспардан үзінді

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
7-сыныптағы алгебра курсын қайталау		
Квадрат түбір және иррационал өрнек	Нақты сандар	8.1.1.1 - иррационал және нақты сандар ұғымдарын меңгеру;
	Квадрат түбір	8.1.1.2 - санның квадрат түбірі және арифметикалық квадрат түбірі анықтамаларын білу және

		ұғымдарын ажырату; 8.1.2.1 - арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін қолдану; 8.1.2.2 - квадрат түбірдің мәнін бағалау;
	Құрамында квадрат түбірлері бар өрнектерді түрлендіру	8.1.2.3 - көбейткішті квадрат түбір белгісінің алдына шығару және көбейткішті квадрат түбір белгісінің астына алу ; 8.1.2.4 - бөлшек бөлімін иррационалдықтан арылту; 8.1.2.5 - құрамында түбір таңбасы бар өрнектерді түрлендіруді орындау; 8.1.2.6 - нақты сандарды салыстыру;
	$y = \sqrt{x}$ функциясы, оның графигі және қасиеттері	8.4.1.1 - $y = \sqrt{x}$ функциясының қасиеттерін білу және оның графигін салу; 8.4.1.4 - аргументтің берілген мәндері бойынша функцияның мәндерін табу және функцияның мәні бойынша аргументтің мәнін табу;

1.13-кесте – 9-сыныпқа арналған «Геометрия» үлгілік оқу бағдарламасындағы Ұзақ мерзімді жоспардан үзінді

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
4-тоқсан		
Шеңбер. Көпбұрыштар	Шеңбер және дөңгелек. Доғаның ұзындығы. Дөңгелек, сектор және	9.1.1.1 - доға ұзындығының формуласын қорытып

	сегменттің аудандары	шығару және қолдану; 9.1.1.2 - сектор мен сегмент ауданының формулаларын қорытып шығару және қолдану; 9.1.1.3 - іштей сызылған бұрыш анықтамасын және оның қасиеттерін білу; 9.1.1.4 - дөңгелектегі кесінділердің пропорционалдылығы туралы теоремаларды білу және қолдану;
	Дұрыс көпбұрыштар, олардың қасиеттері және симметриялары	9.1.2.1 - шеңберге іштей және сырттай сызылған төртбұрыштардың қасиеттері мен белгілерін білу және қолдану; 9.1.2.2 - дұрыс көпбұрыштардың анықтамасын және қасиеттерін білу; 9.1.2.4 - дұрыс көпбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлердің радиустары арасындағы байланысты білу және қолдану; 9.1.2.5 - дұрыс көпбұрыштың қабырғаларын, периметрін, ауданын және оған іштей және сырттай сызылған шеңберлердің радиустарын байланыстыратын формулаларды білу және қолдану; 9.1.2.6 - үшбұрыш медианаларының

		қасиеттерін білу және қолдану; 9.1.4.18 - дұрыс көрбұрыштардың симметрияларын білу

1.11-1.13 кестелерден көріп отырғанымыздай, бір тоқсанда бір немесе одан көп бөлім қарастырылады. Мұндай бөлу оқу пәнінің базалық мазмұнына байланысты.

Жаңартылған мазмұндағы типтік оқу бағдарламаларында әр тарауды игеруге арналған сағат саны көрсетілмеген. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылған. Бұл шешім оқу-әдістемелік бірлестігінің отырысында қабылдана алады. Жоспарлау кезінде мұғалімдер бекіту және қайталау сабақтарын ескерулері тиіс. Ең бастысы бір тоқсанда көрсетілген материал сол тоқсанда игерілуі керек.

2 «Математика» оқу пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері

Білім беру стратегиясы мемлекетпен анықталады және ҚР «Білім туралы Заңында» және білім саласындағы басқа да нормативтік құжаттарда жазылған. Атап айтқанда, негізгі орта білім деңгейіндегі 5-6 сыныптарға арналған «Математика», 7-9 сыныптарға арналған «Алгебра», 7-9 сыныптарға арналған «Геометрия» пәндерінен типтік оқу бағдарламаларында жаңартылған білім мазмұны бойынша математикаға оқытудың ең маңызды міндеттерінің бірі ретінде білім алушылардың логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға назар аударылған [4, 5, 6, 7].

Математиканы оқыту барысында мұғалімдер келесідегідей оқытудың белсенді технологияларын қолдану арқылы тұлғаның қасиеттерін дамытуға назар аударғаны маңызды:

– оқушылардың жеке пікірін тыңдай білу, олардың білімдері, біліктері мен дағдыларын одан әрі дамыту мақсатында алған білімдерін қолданудың маңыздылығын құптау;

– мұқият іріктелген математикалық тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы оқушыларды дамыта оқыту;

– оқушылардың білім алуына «оқыту үшін бағалау» арқылы қолдау көрсету;

– оқушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізуіне және зерттеу әдіс–тәсілдеріне негізделген белсенді оқытуды қолдау;

– оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;

– оқушылардың жеке, топтық және сыныптың барлық оқушыларымен жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

Математиканы оқытудағы педагогикалық тәсілдер:

– проблемалық оқыту;

– топпен жұмыс;

– өзара оқыту (сынып ішінде және сыныптар арасында);

– практикалық және шығармашылық жұмыстар (ермексаз, шыны, ағаш, түрлі геометриялық модельдердің конструкторы сияқты материалдармен жұмыс істеу);

– жартылай ізденіс әдісі (іздеуді, қосымша материал қолдануды қажет ететін есептерді шешу);

– зерттеу әдісі (мен не білемін, нені білгім келеді, неге үйрендім);

– белсенді оқыту әдістері;

– саралап оқыту;

– оқушылардың оқу жетістігіне жүйелі мониторинг жасау;

– құндылықтарға бағытталған оқыту;

– жеке тұлғаға бағытталған оқыту.

Математиканы оқыту процесінде АКТ-ны қолдану келесідегідей:

– жобалау қызметтері, зерттеушілік есептерді шешу, тапсырмаларды құрастыру, ақпараттар мен пікірлермен алмасу (стандартты емес есептер, жобалар, «апта есебі») үшін сайттарды (блогтарды) құру;

– математикалық тапсырманы (геометриялық фигураларды құрастыру және т.б.) орындау барысы туралы бейнекөрініс жасау;

– арнайы программалардың көмегімен бағалау тапсырмаларын құрастыру;

– графиктерді, геометриялық сызбаларды оқушылардың өздігінен салуы;

– ақпаратты іздеу, оны таңдау, деректер мен құбылыстар арасындағы байланыс пен айырмашылықты салыстыру және орнатуға байланысты жұмыстарды өздігінен орындау дағдыларын оқушылардың бойында дамыту;

– математиканың бөлімдерін оқу барысында көрнекілікті қамтамасыз ету (мысалы, геометрияны оқуда 1С математикалық конструктор, GeoGebra программалық қамтамасыз етулерді қолдану);

– әр түрлі қосымшалардың көмегімен оқушылардың математикалық модельдеу дағдыларын жетілдіру (мысалы, Excel, Acces қолданбалы программалар);

– оқушылардың өзін-өзі бақылау дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасайтын электрондық оқулықтар арқылы оқыту;

– Интернет-олимпиадаларға немесе қашықтықтан олимпиадаларға қатысу арқылы оқушылардың математикалық қабілеттері мен шығармашылық белсенділігін дамыту;

– өзекті тақырыптар бойынша мектептен тыс диалогты жалғастыруға мүмкіндік беретін онлайн режимінде немесе форумға қатысу арқылы математикалық дағдылар мен математикалық тілді дамыту.

«Оқыту әдісі» ұғымы дидактикалық мақсаттарға сәйкес оқыту үдерісінде мұғалімнің оқу жұмысы мен оқушылардың танымдық іс-әрекеті жолдарына байланыстырыла шешілетін оқу іс-әрекетінің міндеттерін бейнелейді.

Демек, оқыту әдістері – оқыту міндеттерін, яғни дидактикалық міндеттерді шешуге бағытталған мұғалім мен оқушылардың біріккен іс-әрекетінің жолдары болып табылады. Сонымен бірге дидактикада оқыту «тәсілдері» ұғымы кеңінен қолданылады.

Тәсіл – әдіс элементі, оның құрамды бөлігі, бір реттік әрекет. Оқыту үдерісінде әдістер мен тәсілдер әр түрлі құрамда қолданылуы мүмкін.

Оқыту әдістері – күрделі, көп жақты, көп салалы құбылыс. Оқыту әдістері арқылы объективтік заңдылықтар, мақсаттар, мазмұн, принциптер, оқыту формалары бейнеленеді. Оқыту әдістері оқу-тәрбие үдерісінде үйретуші, дамытушы, тәрбиелеуші, ынталандырушы (мотивациялық) және бақылаушы-түзетуші кызметтерді атқарады.

Әдістер көмегімен оқыту мақсаты жүзеге асырылады, яғни бұл – үйретуші функцияның байқалуы, оқушылардың даму деңгейі мен қарқыны қамтамасыз етілетін – дамыту функциясы, сол сияқты тәрбие нәтижелерінің анықталуы – тәрбиелік функцияның жүзеге асырылуы болып табылады. Әдістер мұғалім үшін оқушыларды оқуға ұмтылдырушы құрал ретінде қолданылады, ал кейде

танымдық іс-әрекетті ынталандыру қызметін атқарады. Бұл оның ынталандырушы рөлін атқаруы.

Оқытуды ұйымдастыру әдісі - білімді игеру мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған мұғалім мен оқушының бірліктегі іс-әрекеттік қимыл-тәсілдері. Оқу мақсаты жолындағы ұстаздың оқыту жұмысы мен шәкірттің оқып-үйрену әрекеттерінің өзара байланыстылығы осы оқу әдісінен көрінеді. Қандай болмасын оқыту әдісі, - дейді И.Я.Лернер, - оқушылардың білім мазмұнын игеруін, сөйтіп оқыту мақсатына жетуді қамтамасыз етерлік олардың танымдық, әрі практикалық әрекетін ұйымдастыратын белгілі нысанға бағытталған мұғалім әрекетінің жүйесі болып табылады.

Оқыту – жеке адамның қалыптасуының, ақыл-ойы мен жалпы білімін дамытудың маңызды құралы. Ол белгілі бір жүйеде және жоспар бойынша, мұғалімнің басшылығымен, нақты мақсатқа бағытталған процесс болып табылады. Пәнді оқыған кезде білім алушылар білімнің жиынтығын меңгереді және сол саламен тығыз байланысты білік пен дағдыға ие болады [9].

Осығын сәйкес оқытуды тиімді ұйымдастыру арқылы болашақ ұрпақтарға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлай білу мүмкіндігін жетілдіру қоғамның басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Сондықтан да қазіргі мектептің құрылымы мен білім беру мазмұнында болып жатқан өзгерістер оқу - тәрбие үрдісін жетілдіруге жаңа талаптар қояды. Сондықтан осыған сәйкес жаңартылған білім мазмұны мектептерде жүзеге асырылуда.

Жаңартылған оқу бағдарламасында пән мазмұнын жобалаудың күрделілік ұстанымы, яғни білім мен біліктерді арттыруда оқу материалын тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейтіліп (білімді тақырыптар бойынша және сыныптар бойынша күрделендіру) жасалынған. Таным заңдылығы мен пәндік операциялардың неғұрлым маңызды түрлері бойынша ойлау дағдысының деңгейлік жіктелімдеріне негізделген Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттарының иерархиясы сақталған.

Бағдарламада қазіргі өмірде қолданылатын кең ауқымды дағдыларға көп көңіл бөлінеді. Бұл дағдылар жалпыадамзаттық және этномәдени құндылықтарға негізделе отырып, оқушыларға оқудағы, сондай-ақ өмірдегі проблемаларды шешуіне мүмкіндік береді. «Кең ауқымды дағдылар» келесі іс-әрекет түрлерінен тұрады: білімді шығармашылықпен қолдану; сыни тұрғыдан ойлау; зерттеу жұмыстарын орындау; АКТ қолдану; тілдік дағдылармен бірге қарым-қатынастың коммуникативтік тәсілдерін қолдану; топта және жеке жұмыс жасау біліктілігі.

Білім беру деңгейлері және тұтас оқыту курсы бойынша педагогикалық мақсаттардың пәнішілік байланыстары ескерілген. Бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұнының уақыт талабына сәйкес болуы және әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына назар аударылған. Оқу процесі ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлар түрінде технологияландырылған.

Жалпы орта білім беретін МЖМОББС негізгі білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелеріне қойылатын талаптар математика пәні бойынша оқушылардың тұлғалық, жүйелік-әрекеттік және пәндік нәтижелерге жетуіне бағытталған.

Бағдарлама мазмұны оқушылардың математикалық ілім жүйесінің негіздерін меңгеру, оларда тұлғааралық және этносаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыру, тұлғаның өзін-өзі таныту және кәсіби бейімделу, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, тұлғаның зияткерлік, адамгершілік-рухани дамуына бағытталған.

Ұсынылған бағдарламада оқыту формалары, әдістері мен технологиялары әлемдік инновациялық оқыту тәжірибесін және оқушылардың бойында оқуға деген қызығушылық тудыратын заманауи білім беру технологияларын қолдану есебінен жаңартылған.

Білім беру нәтижелеріне қол жеткізу табыстылығын қамтамасыз ететін логикалық, сыни және конструктивті ойлау негіздерін, алынған білімді оқу және тәжірибелік іс-әрекетте пайдалану іскерлігін қалыптастыру мақсатында тиімді оқыту формалары мен әдістері енгізілген.

Сынып ұжымын жаппай оқыту формасынан интерактивті, инновациялық, жобалық-зерттеу технологиялары, сандық инфрақұрылымды қолдана отырып, әр оқушының жеке білім алу траекториясын жүзеге асыруға көшу қамтамасыз етілген.

Жалпы алғанда бағдарлама мазмұны, оқыту формалары мен әдістерінің жаңартылуы мұғалім мен оқушылар арасында серіктес және тату қатынастар қалыптастыруға септігін тигізеді. Білім алушылардың қолайлы дамуы үшін достық қарым-қатынастағы ортаны құру өте маңызды болып табылады.

Білім мазмұнын жаңарту аясында:

- энциклопедиялық сипаттағы фактологиялық материалды беруге бағытталған оқытудан, акцентті ақпарат алу тәсілдерін үйретуге ауыстыру;
- ынтымақтастыққа және дербестікке қабілетті тұлғаны әлеуметтендіру;
- ақпаратты өздігінен алу, талдау және тиімді қолдану дағдысын қалыптастыру;
- оқу бағдарламаларында көрсетілген білім мазмұны анықталатын білім салалары бойынша және қызмет аспектілерін көрсететін күтілетін нәтижелерге көңіл аударатын оқу процесін дәстүрлі ұйымдастырудан бас тарту көзделеді, яғни оқушылар:
- «біледі»,
- «түсінеді»,
- «қолданады»,
- «талдайды»,
- «жинақтайды»,
- «бағалайды».

Әдіс – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеуде қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады. Оқыту әдістерінің басты қызметі – оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру.

Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, белсенділігін арттыру мақсатында интерактивті тақтаны пайдаланып сабақ өткізудің көптеген мүмкіншіліктері бар.

Интерактивті тақта – бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де дәріс берушіге немесе баяндамашыға екі түрлі құралдарды біріктіретін: ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал.

Интерактивті құралдарды сабаққа пайдаланғанда дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі: пән бойынша базалық білімді меңгеру; алған білімді жүйелеу; өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру; жалпы оқуға деген ынтасын арттыру; оқушыларға оқу материалдарымен өздігінен жұмыс істегенде әдістемелік көмек беру.

Бұл технологияны оқу материалын хабарлау және оқушылардың ақпаратты меңгеруін ұйымдастыру арқылы, көзбен көру жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін әдіс деп қарауға болады. Осы заманғы педагогикалық процесте қолданылатын әдістер саны, түрі орасан көп.

Әдістер әр түрлі белгілері бойынша жіктеледі:

- оқу іс-әрекетінің сипаты бойынша: репродуктивтік, проблемалық, зерттеу, ізденушілік, түсіндірме – көрнекілік, бөлшектеп ізденіс (эвристикалы) және т.б.;
- педагог пен оқушының белсенділік деңгейіне байланысты: пассивті, активті, интерактивті;
- оқу материалының көзі бойынша: сөз, көрнекілік, іс-әрекеттік (практика);
- оқу-танымдық қызметті ұйымдастыру тәсілдері бойынша: іс-тәжірибеде білім, білік, дағдыларды қалыптастыру әдістері, жаңа білім алу тексеру және бағалау әдістері.

1. Пассивті (енжар) әдіс – бұл оқытушы негізгі әрекет етуші және сабақ барысын басқарушы тұлға болып табылатын білім алушылар мен оқытушының өзара әрекеттесу формасы [9]. 2.1-сызбасында «Пассивті әдіс» көрсетілген.



2.1-сызба – «Пассивті әдістің» сызбасы

2. Активті (белсенді) әдіс – бұл білім алушылар мен оқытушы сабақ барысында өзара әрекетте болатын және білім алушылар тек пассивті тыңдаушылар емес, сабақтың белсенді қатысушылары болып табылатын өзара әрекеттесу формасы. Яғни оқушы оқытудың «субектісі» болып шығады (өзіндік жұмыс, шығармашылық жұмыс, лабораториялық-практикалық жұмыс). Мұнда оқытушы мен білім алушылардың құқықтары бірдей [9]. 2.2-сызбасында «Активті әдіс» көрсетілген.



2.2-сызба – «Активті әдістің» сызбасы

Белсенді оқыту әдістері – оқушылардың оқу үдерісіне жоғары дәрежеде қатысуын сипаттайтын, қойылған міндеттерді атқаруда олардың танымдық және шығармашылық іс-әрекетін жандандыратын әдістер.

Белсенді оқыту әдістерінің айрықша ерекшеліктері:

– ойлаудың мақсатты жандануы, оқушы өз қалауына қарамастан белсенді болуға мәжбүр болады;

– оқушылардың оқу үдерісіне жеткілікті шамада ұзақ уақыт қатысуы, өйткені, олардың белсенділігі қысқа мерзімді не эпизодтық емес, айтарлықтай дәрежеде тұрақты және ұзақ болуы тиіс (яғни бүкіл сабақ бойы);

– үйренушілердің дербес шығармашылық шешімдерді әзірлеуі, жоғары ынта мен эмоция деңгейі;

– оқуға ынталандыру.

Белсенді оқыту әдісінің нақты түрін таңдай отырып, оның мүмкіндіктерімен қатар оны әзірлеу және қолдану барысында туындайтын ұйымдастырушылық және мазмұндық қиындықтарды, сонымен қатар оқу үдерісінің жүзеге асырылу шарттарын да ескеру қажет.

Ең көп таралған белсенді оқыту әдістерін қарастырайық.

Проблемалық лекция оқушылардың дербес шығармашылық жұмысы, бақылау сұрақтары, қарастырылатын материалды талқылау және басқа да тәсілдер шынымен қамтылған жағдайда пайдалы болады. Оқушыларды әртүрлі деңгейде қатыстыра отырып, оқу проблемаларын қалыптастыру және шешу проблемалық лекцияның айқындаушы нышаны болып табылады.

Проблемалық ситуация оқушының ақыл-ой әрекетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, онда салыстыру, іздестіру тәсілдерін пайдалануды қажет етеді. Математика сабағын өтуде салыстыру тәсілдерін қолдану бірінші жолға қойылады.

Интерактивті оқыту әдісі. Интерактивті («inter» –өзара, «act» – әрекет жасау) біреумен өзара әрекеттесу, әңгіме, диалог режимінде болу дегенді білдіреді. Басқаша айтсақ, белсенді әдістерге қарағанда интерактивті әдістер оқушылардың мұғаліммен ғана емес, бір-бірімен кеңінен өзара әрекеттесуіне және оқыту үдерісінде оқушылардың белсенділігінің басымдылығына бағытталады.

Интерактивті сабақтардағы мұғалімнің орны оқушылардың іс-әрекетін сабақ мақсаттарына жету үшін бағыттаумен шектеледі.

Сонымен қатар мұғалім сабақ жоспарын (әдетте бұл – интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар, оларды орындау барысында оқушы материалды зерделейді) құрып, орындауды ұйымдастырушы ғана.

Тиісінше оқушылар орындайтын интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар интерактивті сабақтардың негізгі құрамдас бөліктері болып табылады. Интерактивті жаттығулардың маңызды ерекшелігі – *оларды орындай отырып, оқушылар бұрын оқылған материалды бекітіп қана қоймайды, жаңа материалды меңгереді*.

Интерактивті оқыту әдісі 2.3-сызбасымен көрсетілген.



2.3-сызба – «Интерактивті оқыту әдісі»

Интерактивті оқыту әдістері «мұғалім = оқушы» және «оқушы = оқушы» өзара іс-әрекеттері сызбасынан құрылады. Яғни енді оқыту процесіне балаларды мұғалім ғана тартып қоймайды, оқушылардың өздері де бір-бірімен іс-әрекет жасай отырып әр оқушының ынталануына әсер етеді. Мұғалім тек көмекшінің рөлін атқарады. Оның міндеті – балалардың ынталануы үшін жағдай жасау.

Интерактивті оқыту әдістерінің міндеттері:

- өздігінен ізденуге, ақпаратты талдау және жағдайды дұрыс шешуге үйрету;
- командамен жұмыс істеуге үйрету: бөтен біреудің пікіріне құрметпенқарау, бөтен көзқарасқа төзімділік таныту;
- белгілі бір фактілерге сүйеніп өз пікірін қалыптастыруға үйрету.

Пассивті (енжар), активті (белсенді) және интерактивті әдістері Блум таксономиясында жақсы суреттеледі, бұл профессор Бенджамин Блумның басшылығымен американдық психологтар мен педагогтар тобымен әзірленген оқыту деңгейлері мен мақсаттары және танымдық дағдыларды дамыту кестелері. «Таксономия» термині белгілі бір реттілікті (иерархияны) құру мақсатында, белгілі критерилер бойынша нысандарды жүйелеуді білдіреді. Блум оқу мақсаттарының күрделілігі бойынша олардың иерархиясын ұсынды. Кесте практик мұғалімдермен пайдаланылады және білім деңгейі (ақпараттар) оқытудың бастапқы сатысы ғана (міндетті, базалық болса да) болып табылатынын көрсетеді. Оқыту одан әрі жалғаса беруі керек, ұстаз алдына басқа да мақсаттар қоюы керек.

Бірақ, әрине барлық жоғарыда айтылғандар интерактивті әдістерді ғана пайдалану керек дегенді білдірмейді. Оқыту үшін білімнің барлық деңгейлері мен әдістердің барлық түрлері маңызды.

Жаңартылғын мазмұн бойынша негізгі орта білім берудің 5-6-сыныптарына арналған «Математика», 7-9-сыныптарға арналған «Алгебра»

және «Геометрия» оқу пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары, белгілі бір көлемдегі білімдерді алып қана қою емес, оларды оқу және өмірлік проблемаларда қолдана білуді, яғни оқушылардың бойында сыни тұрғыда ойлау мен функционалды сауаттылықты қалыптастыруды қамтитын нақты оқу мақсаттарына оқушылардың қол жеткізуіне бағытталған.

Сыни тұрғыдан ойлау ерекшеліктеріне үш сатының бар болуы жатқызылады:

- шақыру,
- ұғыну,
- рефлексия.

Бірінші кезеңде ұжымның барлық қатысушыларын процеске тарту, жұмылдыру болып өтеді. Мақсат, берілген тақырып бойынша бар білімді еске түсіру, ассоциативті ретті қалыптастыру және жауаптарын алғысы келетін сұрақтар қою болып табылады. Ұғыну кезеңінде ақпаратпен жұмыс ұйымдастырылады: мәтінді оқу, алынған фактілерді талдау және ойлап байқау. Алынған білімдер рефлексия сатысында, шығармашылық іс-әрекет нәтижесінде өңделеді және тұжырымдау жасалады.

Сыни тұрғыдан ойлау – негізделген тұжырымдарды қорыта отырып заттар мен оқиғаларды талдауда қолданылатын пайымдаулар жүйесі және негізделген бағалауды жасауға, сонымен қатар шыққан нәтижелерді жағдайлар мен мәселелерге қолдануға мүмкіндік береді [11].

Д. Халперн сыни тұрғыдан дамытуда теориялық материалмен сауатты жұмысты атап көрсете келе, ондай жұмыс білім алушылардың бойында қорытынды шығару, талдау, логиканы қолдану біліктіктерін, байқағыштық, айқындық, нақтылық қабілеттерді қалыптастыратынын атап көрсеткен [12].

Қазіргі таңда оқу процесіне сыни тұрғыдан ойлауды дамыту тәсілдерін енгізу қажеттілікке айналып отыр. Осы орайда практик мұғалімдерді қандай да бір тақырыпты игеруде тәсілдердің түрін және тақырыпқа байланысты оның математикалық мазмұнын анықтауда әдістемелік қамтасыз ету қажеттігі туындауда.

Алдымен проблемалық сұрақтар қою арқылы оқушылардың өздігінен игеру жұмысын ұйымдастыруға болатын жаңа тақырыптар анықталады.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту тәсілдерінің бірі - «Қарлы кесек» тәсілі. Алдымен әр оқушы тапсырманы жеке орындап, шешімін жазады. Сосын екі оқушыдан тұратын топ құрылып, олар өз шешімдерін талқылайды және тұжырымдардың дұрыстығына көз жеткізеді. Одан кейін 4 оқушыдан, әрі қарай 8 оқушыдан тұратын топ құрылады (топтағы балалар саны 8-ден артық болмағаны дұрыс). Шыққан нәтижелерді талқылағаннан кейін 8 оқушыдан тұратын әр топтың өкілі мысалды орындау барысында тұжырымдалған ережені негіздейді.

«Қарлы кесек» тәсілімен қатар ***«Айналмалы станса»*** тәсілін қолдануға болады. Топта жұмыс жасай отырып, оқушылар парақшада жазылған проблеманы шешеді. Одан кейін топтар орындарымен ауысып, келесі парақшадағы тапсырманы орындайды. Топ мүшелері тапсырманың

орындалуымен келіссе леп белгісін, келіспесе минус таңбасын қояды, сонымен қатар қосымша сұрақтар қойылуы мүмкін. Тура осылай әр топ төрт парақшадағы проблемаларды қарастырады. Тапсырмаларды орындау барысында оқушылар өз ойларымен бөліседі, тұжырымдар жасайды. Жұмыс орындалғаннан кейін әр топ өзінің бірінші орындаған тапсырмасына қайтып оралып, жауаптарын қорғайды және қойылған сұрақтарға жауап береді.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту техологияларының бірі «Шиыршық» әдісін қолдануға болады. Ол үшін оқушыларды 3 (6) топқа бөлуге болады. «Шиыршық» тәсілін әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында келесі тапсырмалар дайындалды.

Парақшалардағы тапсырмалар сызықтық функциялар графиктерінің орналасуының бір түрін береді. Оқушылар үш топқа бөлініп, парақшаларда жазылған тапсырмаларды орындайды. Одан кейін бірінші топтың оқушылары қалған топтарға барып, тапсырмаларының орындалуын түсіндіреді. Осылайша өзара оқыту жүргізіледі. Сонда әр оқушы кем дегенде екі рет ақпаратты беруші және оны алушының рөлін атқарады.

Оқушылардың теориялық материалды өздігінен игеруге деген қызығушылығы мен ынтасын қалыптастыру мақсатында сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологияларының бірі - «Сенемін-сенбеймін» тәсілі. Бұл тәсілді теориялық материалдарды игеру барысында жұппен жұмыс жасай отырып қолдануға болады. Оқушылар кестеде берілген сұрақтарға жауап бергенде ақиқат тұжырымды «+», ал ақиқат емес тұжырымды «–» таңбасымен белгілейді. Осы тәсілді қолдану барысында келесі кесте толтырылады (2.1-кесте).

2.1-кесте – «Сенемін-сенбеймін» тәсілі бойынша кесте

Сұрақтар	сенемін + сенбеймін –	Қорытынды

Сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылар сабақтың тақырыбын тұжырымдай алады. Олар оқулықтағы мәтінді оқып, жасаған қорытындыларының дұрыстығын тексереді.

Теориялық материалды меңгеру үшін сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологияларының бірі - «Дейін-кейін» тәсілі. Бұл тәсілді оқушылардың білімдерін тиянақтау үшін, сонымен қатар рефлексия кезеңінде қолдануға болады. «Дейін-кейін» тәсілін әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында тапсырмалар құрастырылады. Кестедегі «Дейін» бағанында оқушылар өз жауаптарын жазады. Ал «Кейін» бағаны жаңа тақырып игерілгенен кейін

сабақтың соңында толтырылады. Сосын оқушылар екі бағандағы жазуларды салыстырады және қорытынды шығарады. Бұл тәсіл оқушылардың бойында оқиғаны болжау, белгілі және белгісіз фактілерді сәйкестендіру, өз ойын жеткізе білу, салыстыру және қорытынды жасау біліктілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы тәсілді қолдану барысында келесі кесте толтырылады (2.2-кесте).

2.2-кесте – «Дейін-кейін» тәсілі бойынша кесте

Сұрақтар	"Дейін"	"Кейін"	Қорытынды.
	Менің ойым бойынша …		Менің айтқаным дұрыс (дұрыс емес), өйткені ...

Оқушылардың бойында зейінді, тиянақтылықты, ақпаратты жинау және талдау біліктігін қалыптастыру мақсатында сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологияларының бірі «Пазл» тәсілін қолдануға болады. Бұл тәсіл ойын негізінде жүргізіледі. Әр топ бірдей емес бөліктерден бір сурет құрастыру арқылы игерілген материалға қатысты ақпарат алады

Ақпаратымен танысқаннан кейін оқушыларға «жіңішке» және «жуан» сұрақтарды құрастыруды ұсынуға болады. Бұл жеке, жұптық, топтық жұмыс немесе олардың үйлесімі болуы мүмкін. «Жіңішке» деп оларға жауап беру үшін нақты білімдер қажет болатын сұрақтарды айтады: «Кім?», «Не?», «Қайда?», «Қашан?», «...., рас па???». «Жуан» – түсіндіру және болжай алу біліктерімен байланысты: «Неге?», «Ерекшелігі неде?», «Не болады, егер???».

Сұрақтар саны оларға жауап бере отырып оқылатын тақырыпты толық ашып көрсете алатындай болуы керек.

«Блум түймедағы» дегенді пайдалана отырып міндетті нақтылауға болады. Бенджамин Блум – педагог, оқыту әдістерінің американдық психологі. Алынған ақпараттарды ұғыну үшін ол келесі алты түрлі сұрақтарды ұсынады:

1. Қарапайым. Мәтінде қамтылған нақты ақпараттарды, мәтінді білуін тексеруге.

2. Нақтылаушы. Бұл арандатушылық сұрақтар: «....рас па???», «.... мен дұрыс түсіндім бе, не,???». Оларға жауаптар әрине, оң да, теріс те болуы мүмкін.

3. Түсіндіретін. «Неге» сөзімен басталады және себеп-салдарлық байланыстарды көре білуді талап етеді. Алайда, егер бұл байланыстар мәтінде түсіндірілетін болса, онда бұл сұрақ түсіндіретін дәрежеден қарапайым дәрежеге ауысады.

4. Шығармашылық сұрақтар болжау элементтерін қамтиды: «Егер..., не болар еді???».

5. Бағалаушы – «Дұрыс істедіме???», «..., сіз қалай қарайсыз???» – қандай да бір оқиғалар, құбылыстарды бағалау критерийлері туралы нақты түсініктердің болуын талап етеді.

6. Практикалық сұрақтардың мақсаты – теориядық білімдерін іс-әрекеттерде қолдана білуін тексеру: «Бұл қай жерде пайдаға асуы мүмкін?», «... жағдайда, мен қандай әрекет жасаймын???».

Оқушылардың оқулықтағы мәтінді өздігінен игеруде сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологияларының бірі «Сұрақтар түймедағы» тәсілін қолдануға болады.

Оқушылардың пәнге деген ынтасы, қызығушылығын және шығармашылық белсенділігін арттыруда; өзін тұлға ретінде тануда; өз ойын ашық әрі еркін айтуда және пікір алмаса білуде; өзін-өзі және бірін-бірі бағалауда сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологияларының маңызы өте зор. Бұл тақырыпты оқушыларға оқулықтағы мәтін бойынша өздігінен игеруді ұсына отырып, «Жолақшалардағы сұрақтар» деп аталатын сыни тұрғыдан ойлау.

«Нұсқа» атты сыни тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы тәсілдерін қолдану үшін мұғалім барлық оқушыларға «ақ қалпақ» өрісі астында жұмыс істеуді алдын-ала ұсынады – болашақта талқылайтын тақырып жайынды ойлану, ж а т т ы ғ у д ы ң мазмұнына сәйкес фактілерді, барлық қажетті деректерді, барлық қажетті ақпараттарды жинау.

Ж а т т ы ғ у д ы ң орындалу нәтижесін тексеру үшін мұғалім төрт шығармашылық топ құрады. Әр топ белгілі бір рөлдік көзқараста кезек-кезек жұмыс істейді:

Жаңашылдар – «жасыл қалпақ» (бұл топтың мүшелері өздерінің орындаған тапсырмасын қалған оқушыларға таныстырады);

Пессимистер (түңілушілер) – «қара қалпақ» (бұл топтың мүшелері орындаған тапсырманың барлық теріс, мұқият ойластырылмаған, ескерілмеген сәттерін атап көрсетеді);

Оптимистер (нық сенімділер) – «сары қалпақ» (бұл топтың мүшелері орындаған тапсырманың барлық оң, позитивті сәттерін атап көрсетеді);

Сарапшылар – «көк қалпақ» (бұл топтың мүшелері алынған ақпараттарды талдайды және қорытады, әрбір шығармашылық топтың алға қойылған іс-әрекеттік мақсаттары тұрғысынан олардың жұмысын 10 балдық шкала бойынша бағалайды, өз пікірін негіздейді). Оптимистер, пессимистер, жаңашылдар топтары үшін нақты бағалау критерийлерін ойластыру қажеттілігі маңызды сәт болып табылады.

Технологияның өзі төрт кезеңді қарастырады – төрт раунд (құрылған шығармашылық топтар саны бойынша). Кезеңдердің әрқайсысында жеке шығармашылық топтарға әр түрлі рөлдік көзқараста жұмыс істеу ұсынылады: алдымен жаңашылдар рөлінде, содан кейін пессимистер рөлінде, содан кейін – оптмистер, содан кейін – сарапшылар. Сонымен, барлық қатысушылар өздерін әр түрлі рөлдерде байқап көреді және сонымен қатар өзінің жеке идеясына әртүрлі көзқараста «қарауға» мүмкіндіктері болады.

Әрбір кезең-раунд 16 минутқа созылады:

- 3 минут – жаңашылдар сөз сөйлеуі;
- 2 минут – басқа топтардың қатысушыларының жаңашылдарға қойлатын анықтаушы сұрақтары;
- 3 минут – алынған ақпараттарды жинақтау және талдау, ұсынылған идеялардың жағымды және жағымсыз сәттерін анықтау бойынша сарапшылардың, пессимистердің және оптимистердің топта жұмыс істеулері;
- 4 минут оптимистер мен пессимистердің сөз сөйлеуіне (екі шығармашылық топтың әр қайсысына 2 минуттан);
- 2 минут – топтың алға қойған іс-әрекеттік мақсаты тұрғысынан, әрбір топтың жұмысының тиімділігін анықтау бойынша сарапшылар тобының жұмысы;
- 2 минут – сарапшылардың сөз сөйлеуі (әр топтың жұмысы сарапшылармен 10 балдық шкала бойынша бағаланады; баға негізделеді).

Хаттаманы сақтау – бұл, осы технология аясында сабақ жүргізуші мұғалімнің жауапкершілігі. Осылайша, ең қиын рөлді – көк қалпақ рөлін хаттаманың қатаң сақталуына жауапты сабақ жүргізуші мұғалім және сарапшылар бір мезгілде орындайды, сарапшылар әр топтың жұмысының тиімділігін бағалауға негіз болатын ақпараттарды талдау және қорытуға жауапты.

Интеративті оқыту әдістері мен тәсілдері

Ми шабуылы немесе ми қамалы – проблеманы шешу үшін идеяларды ұжыммен қалыптастыру және оларды конструктивті түрде ойластыру әдісі.

Ми шабуылы барысында проблеманы шешу уақыт тұрғысынан үш кезеңге бөлінеді:

– идеяларды кездейсоқ қалыптастыру сеансы;

– ең үздік идеяларды іріктеу мақсатында ұсынылған идеяларды конструктивті сынға алу және ойластыру сеансы;

– іріктелген идеялар негізінде шешімдерді жобалау.

Кластерлер, салыстырмалы диаграмма, пазл

Кластерлер (ағл. Cluster - «жүзімнің шоқтары» деген мағынада) – идея мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Мұнда негізгі тақырып (тірек сөз, басты идея) тақтаның (дәптердің) ортасына шеңберге жазылады да, одан туындайтын тақырыпшаларды оқушылар оның жан-жағына жазып, шеңберлеп бір-біріне қосады да, өз-ара байланыстары туралы әңгімелейді. Кластерлер оқушының жеке орындауынан басталып, одан кейін жұмыс жұпта немесе шағын топта (4-6 адам) жалғасады.

Пазл (ағл. puzzle) – тең емес бөліктерден сурет құрастыратын балалар ойыны.

Бұл әдіс бойынша тапсырмалардың орындалуын ойын түрінде өткізуге болады. Оқыту барысында өтілген материал карточкаларға жазылады, бірақ әрбір карточкада келесісін іздеуге бағытталған мәлімет болуы тиіс.

Шығармашылық тапсырма беру кезінде мұғалім сабақ соңында интеллект-карта үлгілерін көрсете алады. Мұндай тапсырма қазақстандық мұғалімдер үшін жеткілікті деңгейде таныс және кәсіби лексикада көбінесе «кластер» ретінде қолданылады. Оқушылардың назарын оқулықтың тиісті параграфында интеллект-карталарды құрастыру жөніндегі нұсқаулар мен графикалық материалдың осы түрінің шартты мысалы берілгеніне аудару қажет.

Интерактивті әдістің негізін интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар құрайды. Интерактивті жаттығулар мен тапсырмалардың әдеттегілерден басты айырмашылығы олар меңгерілген материалды тек бекітуге ғана емес, жаңаны оқып-үйренуге бағытталған.

Кластер тәсілі кез келген сатыда қолданылуы мүмкін.

Шақыру кезеңінде балалар тақырып бойынша өздерінің бойында бар барлық білімдерін баяндайды және өздерінің ұсыныстары мен қауымдастықтарын тіркейді. Ол оқушыларды танымдық әрекеттерге ынталандыру үшін, тақырыпты оқуды бастағанға дейін ойлануға ынталандыруда қызмет етеді.

Ұғыну сатысында кластерді қолдану оқу материалын құрылымдауға мүмкіндік береді.

Рефлексия сатысында кластер әдісі алған білімдерді жүйелеу қызметін атқарады.

Сабақтың жалпы стратегиясы түрінде сабақтың барлық кезеңдерінде, сабақ барысында кластердің қолданылуы мүмкін. Сондықтан, ең басында балалар өздері меңгерген барлық ақпаратарды тіркейді. Бірте-бірте сабақ барысында схемаға жаңа деректер қосылады. Мүмкіндігінше оларды басқа түспен бөліп көрсету керек. Бұл тәсіл негізгіні бөліп көрсете отырып жорамалдау мен болжауды, толықтыру және талдай білуді дамытады.

Кластер бір шоқ немесе спутниктері бар планетаның моделі түрінде рәсімделеді. Ортасына негізгі ұғым пікір орналастырылады, жан жағына

ортадағы ұғыммен түзу сызықтармен жалғанған ірі мағыналық бірліктер белгіленеді. Бұл осы тақырыпқа қатысты сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер, білдірілетін идеялар, ойлар, фактілер, бейнелер, қауымдастықтар болуы мүмкін. Және ортадағы планетаның «спутниктерінің» жан жағында тақырыпты неғұрлым толық ашатын және логикалық байланысты кеңейтетін, маңыздылығы төмендеу мағналық бірліктер болуы мүмкін. Оқылатын материалда бар фактілер мен пікірлер арқылы санаттарды негіздей отырып, оларды нақтылай білу маңызды.

Сабақты ұйымдастыру тәсіліне байланысты кластер тақтада, жеке парақта немесе жеке тапсырманы орындау кезінде әр оқушының дәптерінде рәсімделуі мүмкін. Кластерді құрастыра отырып мүмкіндігінше түрлі-түсті борлар, қарындаштар, қаламсаптар, фломастерлер пайдалану керек. Бұл кейбір нақты сәттерін бөліп көрсетуге және бүкіл ақпаратты жүйелеу процесін жеңілдете отырып, жалпы бейнесін көрнекілеу етіп көрсетуге мүмкіндік береді.

Кластер құру бойынша бірнеше ұсыныстар бар. Оны құру кезінде ақыл-ойға келгеннің бәрін баяндаудан және жазудан қорқуға болмайды, тіпті егер бұл қауымдастық немесе жорамалдар болса да. Жұмыс барысында дұрыс емес немесе анық емес сөздер түзетілуі немесе толықтырылуы мүмкін. Оқушылар барлық идеялар таусылғанға дейін жұмысын жалғастыра отырып, қиял мен түйсікке батыл еркіндік бере алады. Мағналық бірліктердің айтарлықтай көп санынан қорқуға болмайды, олардың арасында барынша көп байланыстар жасауға тырысу керек. Талдау барысында барлығы жүйеленеді және өз орындарына келеді.

Кластер әдісі әр түрлі тақырыптарды оқу кезінде, іс жүзінде барлық сабақтарда қолданылуы мүмкін.

Бұл әдісті пайдалану кезінде жұмыс нысаны мүлдем кез келген болуы мүмкін: жеке, топтық және ұжымдық. Ол қойылған мақсаттар мен міндеттерге, мұғалім мен ұжымның мүмкіндіктеріне байланысты анықталады. Бір нысанның екіншіге ауысуына жол беріледі. Мысалы, шақыру сатысында, бұл әр оқушы дәптерінде өзінің кластерін жасайтын жеке жұмыс болады. Жаңа білімдердің келіп түсуіне қарай, дербес суреттер базасында және сабақта алған білімдерін ескере отырып, өткен материалды бірлесіп талқылау ретінде жалпы графикалық схемасы жасалады. Кластер, сабақта жұмысты ұйымдастыру тәсілі ретінде және үй тапсырмасы ретінде пайдаланылуы мүмкін. Соңғы жағдайда оқушылардың кластер құруда белгілі бір тәжірибелері болуы маңызды.

Кластерді қолданудың келесідей ерекшеліктері бар:

- ол ақпараттың үлкен көлемін қамтуға мүмкіндік береді;
- оқыту процесіне ұжымның барлық қатысушыларын тартады, бұл оларға қызық;
- балалар белсенді және ашық, себебі оларда қателесеміз, дұрыс емес пікір айтып қоямыз деген қорқыныш жоқ.

Осы жұмыстың барысында келесідей біліктер қалыптасады және дамиды:

- сұрақтар қоя білу;
- ең бастысын бөліп көрсету;

- себеп-салдарлық байланыс орнату және ой тұжырымын жасау;
- проблеманы тұтастай түсініп жекеліктен жалпыға көшу;
- салыстыру және талдау;
- ұқсастық жүргізу.

Кластер тәсілі жүйелі ойлауды дамытады, балаларды оқу материалын ғана жүйелеуді емес, өзінің бағалау пайымдауларын да жүйелеуге үйретеді, жаңа алған білімдері, тәжірибесі және бақылауы негізінде қалыптасқан өзінің пікірін тудыруға және айтуға үйретеді, бірнеше көзқарастарды бір мезгілде қарау дағдыларын, ақпаратты шығармашылықпен өңдеу қабілетін дамытады.

Кластер әдісін қолдана отырып өткізген сабақтар білім алушыларға өзін танытуға, сұрақтан өзінің байқағанын айтуға, еркін шығармашылық әрекет етуге мүмкіндік береді. Бүтіндей алғанда, білім беру процесінде пайдаланылатын дәстүрлі емес технологиялар оқушылардың ынтасын арттырады, ынтымақтастық жағдайын қалыптастырады және өз қадір-қасиетін сезінуді балалардың бойына сіңіреді, оларға шығармашылық еркіндік сезім сыйлайды.

3 Білім мазмұнын жаңарту аясында «Математика» оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсыныстар

Негізгі орта білім деңгейінде математиканы оқыту практикалық жағдайларда қолдану және салалас пәндерді игеру үшін қажетті математикалық білім мен біліктілік жүйесін меңгеру; математикалық білім беруді жалғастыру, практикалық есептерді шығару құралы ретінде математикалық тілді меңгеру, математикалық сауаттылықты дамытуды қамтамасыз етуі тиіс. Математиканы оқыту барысында әртүрлі адами іс-әрекеттер саласында кездесетін кең ауқымды өмірлік есептерді шешу үшін білім мен біліктерді пайдалану дағдыларын кеңейтуге, яғни білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша жұмыстарға аса көңіл аудару қажет.

Қазіргі заманның талабы – шығармашылықпен өз бетінше жұмыс істейтін, өзгермелі өмірде бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған, құзіретті тұлға тәрбиелеу.

Құзыреттілік тәсіл жағдайында оқу жетістіктерін бағалау – жеке, өте маңызды әдістемелік проблема. Ғалымдардың пікірінше, адамның бойында өз іс-әрекеті мен оның нәтижелерін өздігінен бағалай алу қалыптасса, дәл сол уақытта ол құзыретті болып табылады. Мұндай мүмкіндік сабақта білім алушыларды критериалды бағалау кезінде пайда болады.

Критериалды бағалау, ол – білім алушылардың оқу және дүниетанымдық біліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін нақты анықталған, бір-біріне сәйкес келетін білімнің мазмұны мен мақсаты, сонымен қатар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін алдын ала анықталған критерийлер.

Критерийлер – пәннен нақты тақырыпты меңгеру барысында білім алушылардың орындайтын іс-әрекеттері, яғни оқу мақсатын жүзеге асыруға арналған өлшемдер.

Критериалды бағалау, ол – білім алушылардың оқу-танымдық құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал ететін, тиісті білім беру мақсаты мен мазмұны, барлық процеске қатысушыларға алдын-ала белгілі, ұжыммен әзірленген, анық айқындалған критерийлері бар, білім алушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Критериалды бағалаудың қызметтері:

- оқытушылық;
- бақылаушылық;
- дамытушылық;
- тәрбиелеушілік;
- диагностикалық;
- уәждемелік.

Критериалды бағалаудың міндеттері:

- оқу процесінің әрбір кезеңінде әр білім алушының дайындық деңгейін анықтау;

- оқу бағдарламасына сәйкес оқыту нәтижелерін және білім алушылардың қысқа мерзімді мақсаттарға жетулерін талдау;
- білім алушының дамуының жеке траекториясын түзету және жеке прогресс мониторингі;
- оқу бағдарламасын меңгерудегі бар кемшіліктерін жоюға білім алушыларды ынталандыру;
- әртүрлі іс-әрекеттерді орындағаны үшін алған бағалардың маңыздылығын саралау;
- оқу бағдарламасы тиімділігінің мониторингі;
- оқу материалын игеру және оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктерін анықтау үшін мұғалім, білім алушы және ата-аналар арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету.

Критериалды бағалаудың практикалық маңыздылығы келесі артықшылықтармен анықталады:
- білім алушының жұмысы ғана бағаланады;
- білім алушының жұмысы, оларға алдын-ала белгілі бағалау критерийлері бойынша тексеріледі;
- білім алушыға өз оқуының жетістік деңгейін өзі анықтауына болатын баға шығарудың нақты алгоритмі белгілі және ата-аналарына өзі ақпарат бере алады;
- білім алушыларға баға олар не оқып білді соған ғана қойылады, өйткені бағалау критерийлері оқу мақсаттарының нақты көрінісін көрсетеді.

Төменде «Математика», «Алгебра», «Геометрия» оқу пәнінің ерекшеліктерін ескере отырып бағалау критерийлері келтірілген.

3.1-кесте – Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлері (Математика, 5-сынып)

1-бөлім. Натурал сандар және нөл саны	
Тақырыбы	*Бағалау критерийлері*
Натурал сандар және нөл саны	- жұп сандарды және тақ сандарды ажыратып таниды; - жұп және тақ сандарға мысалдар келтіре алады; - көптаңбалы сандарды жазуға, оқуға және құрастыруға тапсырмалар орындайды.
Координаталық сәуле. Натурал сандарды салыстыру. Қос теңсіздік	- координаталық сәуледегі бірлік кесінді деген не екенін біледі; - натурал сандарды координаталық сәуледе кескіндейді; - координаталық сәуледе нүктелердің координаталарын табады;

	- қос теңсіздік деген нені білдіретінін түсінеді; - натурал сандарды түрлі жолдармен, соның ішінде координаталық сәуленің көмегімен салыстырады; - сандарды салыстырудың нәтижесін $>, <, =$ белгілері арқылы жазады; - бірнеше натурал сандарды салыстыруды қос теңсіздік арқылы жазады; - натурал сандарды салыстыру мен реттеуді талап ететін жағдайды зерттейді.
Арифметикалық амалдардың қасиеттері. Натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдану	- натурал сандармен орындалатын арифметикалық амалдардың қасиеттерін біледі; - амалдар саны төрттен артық болатын жақшамен және жақшасыз берілген санды өрнектердегі амалдардың орындалу ретін анықтай және мәндерін таба біледі; - санды өрнектердің мәндерін табу үшін көбейту мен қосу амалдарының қасиеттерін қолданады.
Санды және әріпті өрнектер, олардың мәндері . Өрнектерді ықшамдау	- қосу және көбейту амалдарының қасиеттерін қолданып, әріпті өрнектерді түрлендіреді; - әріптердің берілген мәндері бойынша әріпті өрнектердің мәндерін табады.
Теңдеу. Теңдеудің түбірі. Теңдеуді шешу	- теңдеудің, теңдеу түбірінің анықтамаларын біледі; - есептеулер мен түрлендірулерді дұрыс орындайды; - теңдеулерді шеше біледі.
Формула. Формула арқылы есептеу. Мәтін есептерді шығару. Натурал сандардан тұратын сандар тізбегі	- амалдарды дұрыс таңдайды; - дұрыс есептейді; - тапсырманың шарты бойынша әріпті өрнектерді дұрыс құрайды; - формулаларды біледі және қолдана алады; - натурал сандар тізбегінің

	заңдылықтарын біледі және түсінеді; - натурал сандар тізбегінің жетіспейтін элементтерін таба алады; - натурал сандар тізбектерін дұрыс құрады.
2-бөлім. Натурал сандардың бөлінгіштігі	
Тақырыбы	*Бағалау критерийлері*
Натурал сандардың бөлгіштері мен еселіктері.	- натурал санның бөлгіші мен еселігінің анықтамаларын біледі; - натурал санның бөлгіші мен еселігін дұрыс табады.
Жай және құрама сандар.	- жай және құрама санның анықтамаларын біледі; - құрама сандарды көбейткіштерге жіктей алады.
Бөлінгіштіктің негізгі қасиеттері.	- көбейтіндінің натурал санға бөлінгіштігі белгісіне талдау жасай алады; - қосындының және айырымның натурал санға бөлінгіштігіне талдау жасай алады.
2, 3, 5, 9, 10 сандарына бөлінгіштік белгілері.	- 2, 5, 10 сандарына бөлінгіштік белгілерін дұрыс қолданады; - 3 және 9 сандарына бөлінгіштік белгілерін дұрыс қолданады.
Дәреже.	- натурал сан дәрежесінің анықтамасын біледі; - дәрежеге дұрыс келтіреді; - натурал санның дәрежесін дұрыс жазады.
Натурал сандарды жай көбейткіштерге жіктеу.	- құрама сан деген не екенін және құрама сандардың жай бөлшектерге қалай жіктелетінін түсіндіре алады; - құрама сандарды жай бөлшектерге дұрыс жіктейді.
Ең үлкен ортақ бөлгіш. Өзара жай сандар. Ең кіші ортақ еселік.	- ортақ бөлгіш, ең үлкен ортақ бөлгіш (ЕҮОБ), ортақ еселік, ең кіші ортақ еселік (ЕКОЕ) ұғымдарының анықтамаларын

	біледі және мысалдар келтіре алады; - өзара жай сандардың анықтамасын біледі; - санды жай көбейткіштерге жіктеудің көмегімен ЕҮОБ-ні дұрыс табады; - санды жай көбейткіштерге жіктеудің көмегімен ЕКОЕ -ні дұрыс табады; - мәтін есептерді шығаруда ең үлкен ортақ бөлгішті (ЕҮОБ), ең кіші ортақ еселікті (ЕКОЕ) дұрыс қолданады.
3-бөлім. Жай бөлшектер және олармен амалдар орындау	
Тақырыбы	*Бағалау критерийлері*
Жай бөлшек. Жай бөлшектерді оқу және жазу.	- жай бөлшектерді дұрыс оқиды және жазады; - тапсырманың шартын жай бөлшек түрінде дұрыс береді.
Жай бөлшектің негізгі қасиеті.	- жай бөлшектің негізгі қасиетін қолданып жай бөлшектерді қысқарта алады; - бөлшекті қысқартқанда, бөлшектің негізгі қасиетін дұрыс қолданады.
Дұрыс және бұрыс жай бөлшектер. Аралас сандар.	- дұрыс және бұрыс бөлшектерді түсіндіріп, оларды сандық сәуледе бейнелей алады; - санның бөліктерін және оның бөліктері бойынша санды таба алады; - бұрыс бөлшектен оның бүтін бөлігін көрсете алады; - аралас сан анықтамасын біледі; - бұрыс бөлшекті аралас санға және аралас санды бұрыс бөлшекке дұрыс айналдырады.
Жай бөлшектер мен аралас сандарды координаталық сәуледе бейнелеу.	- жай бөлшектерді координаталық сәуледе бейнелей алады; - аралас сандарды координаталық сәуледе бейнелей алады.
Жай бөлшектерді және аралас сандарды салыстыру.	- жай бөлшектерді салыстыру ережесін біледі; - аралас сандарды салыстыру ережесін

	біледі; - жай бөлшектерді салыстыра алады; - аралас сандарды салыстыра алады; -жай бөлшектер мен аралас сандарды салыстыра алады.
Жай бөлшектерді косу және азайту.	- бөлімдері бірдей жай бөлшектерді қосу және азайту ережесін біледі; - бөлімдері әр түрлі бөлшектерді қосу және азайту ережесін біледі; - бөлімдері бірдей жай бөлшектерді қосып және азайта алады; - бөлімдері әр түрлі бөлшектерді қосып және азайта алады.
Аралас сандарды қосу. Аралас сандарды азайту.	- аралас сандарды қосу ережесін біледі; - аралас сандарды азайту ережесін біледі; - аралас сандарды қоса алады; - аралас санды және натурал санды қоса алады; - аралас саннан натурал санды азайта алады; - натурал саннан аралас санды азайта алады; - аралас сандарды азайта алады.
Жай бөлшектерді және аралас сандарды көбейту. Өзара кері сандар.	- өзара кері сандар анықтамасын біледі; - берілген санға кері санды таба алады; - жай бөлшектерді көбейту ережесін біледі; - аралас сандарды көбейту ережесін біледі; - жай бөлшектерді көбейтуді орындайды; - аралас сандарды көбейтуді орындайды; - жай бөлшек пен аралас санды көбейтуді орындайды.
Жай бөлшектерді және аралас сандарды бөлу.	- жай бөлшектерді бөлу ережесін біледі; - аралас сандарды бөлу ережесін біледі; - жай бөлшектерді бөлуді орындайды; - аралас сандарды бөлуді орындайды; - жай бөлшек пен аралас санды бөлуді орындайды.
4-бөлім. Мәтінді есептер	

Тақырыбы	*Бағалау критерийлері*
Санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табуға берілген есептер.	- санның бөлігін табу ережесін біледі; - бөлігі бойынша санды табу ережесін біледі; - санның бөлігін табу және бөлігі бойынша санды табу түрлері бойынша есептерді таниды; - санның немесе шаманың бөлігін табу және бөлігі бойынша санды немесе шаманы табуға арналған есептерді құрастыра алады; - санның немесе шаманың бөлігін табу және бөлігі бойынша санды немесе шаманы табуға арналған есептерді шығара алады.
Бірлесіп орындалатын жұмыстарға қатысты есептер.	- бірлесіп жұмыс жасауға қатысты есептерді шығару алгоритмін біледі; - бірлесіп жұмыс жасауға қатысты есептер құрастыра алады; - бірлесіп жұмыс жасауға қатысты есептерді шығара алады.
5-бөлім. Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану	
Тақырыбы	*Бағалау критерийлері*
Ондық бөлшек. Ондық бөлшектерді оқу және жазу. Ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру.	- ондық және жай бөлшек түрлерін таниды; - ондық бөлшектерді оқиды және жазады; - ондық бөлшекті жай бөлшек түріне ауыстыра алады.
Ондық бөлшектерді координаталық сәуледе бейнелеу. Ондық бөлшектерді салыстыру.	- ондық бөлшектерді координаталық сәуледе бейнелей алады; - ондық бөлшектерді салыстырады.
Ондық бөлшектерді қосу және азайту.	- ондық бөлшектерді қосу ережесін біледі; - ондық бөлшектерді азайту ережесін біледі; - ондық бөлшектерді қоса алады; - ондық бөлшектерді азайта алады; - ондық бөлшектерді қосу және азайту амалдарын қамтитын сандық өрнектің

	мәнін табады.
Ондық бөлшекті натурал санға көбейту. Ондық бөлшектерді көбейту.	- ондық бөлшекті натурал санға көбейту ережесін біледі; - ондық бөлшектерді көбейту ережесін біледі; - ондық бөлшекті натурал санға көбейтуді орындайды; - ондық бөлшектерді көбейтуді орындайды.
Ондық бөлшекті натурал санға бөлу. Ондық бөлшектерді бөлу.	- ондық бөлшекті натурал санға бөлу ережесін біледі; - ондық бөлшектерді бөлу ережесін біледі; - ондық бөлшекті натурал санға бөлуді орындайды; - ондық бөлшектерді бөлуді орындайды.
Ондық бөлшектерді 10; 100; 1000;... және 0,1; 0,01; 0,001;... сандарына көбейту және бөлу.	- ондық бөлшектерді 10, 100, 1000 ... және 0,1; 0,01; 0,001 ... сандарына көбейту ережесін біледі; - ондық бөлшектерді 10, 100, 1000 ... және 0,1; 0,01; 0,001... сандарына бөлу ережесін біледі; - ондық бөлшектерді 10, 100, 1000... және 0,1; 0,01; 0,001 ... сандарына көбейтуді орындайды; - ондық бөлшектерді 10, 100, 1000 ... және 0,1; 0,01; 0,001 ... сандарына бөлуді орындайды.
Ондық бөлшектерді дөңгелектеу.	- санның жуық мәні ұғымын біледі; - ондық бөлшектерді дөңгелектеу ережесін біледі; - ондық бөлшектерді берілген разрядқа дейін дөңгелектеуді орындай алады.
Мәтін есептерді шығару. Бөлшектерден тұратын сандар тзбектері.	- бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтін есептер шығара алады; - бөлшектерден тұратын тізбектердің заңдылықтарын анықтайды; - бөлшектерден тұратын тізбектерді құрастыра алады.

6-бөлім. Жиын	
Тақырыбы	*Бағалау критерийлері*
Жиын. Жиынның элементтері. Жиындарды бейнелеу.	- жиын, оның элементтері ұғымдарын біледі; - бос жиынның анықтамасын біледі; - $\subset, \cup, \cap, \emptyset, \in, \notin, \not\subset$ символдарының мағынасын түсінеді; - жиындарға берілген есептерді шығарған кезде $\subset, \cup, \cap, \emptyset, \in, \notin, \not\subset$ символдарын пайдаланады.
Жиындар арасындағы қатынастар. Ішкі жиын.	- ішкі жиын ұғымын біледі; - жиын мен ішкі жиынды ажырата біледі; - жиындар арасындағы қатынастардың сипаттамасын танып біледі; - қиылысатын және қиылыспайтын жиындарды табуға берілген тапсырмаларды орындайды.
Жиындардың бірігуі мен қиылысуы.	- жиындардың бірігуі анықтамасын біледі; - жиындардың қиылысуы анықтамасын біледі; - жиындардың бірігуін, жиындардың қиылысуын сурет бойынша ажыратып таниды; - жиындардың бірігуін таба алады; - жиындардың қиылысуын таба алады; - жиын мен ішкі жиынды ажырата алады; - жиындардың қиылысуы мен бірігуі нәтижесін $\cup$, $\cap$ символдарын қолданып жаза алады.
Мәтін есептерді шығару.	- Эйлер-Венн диаграммасын қолдана алады; - дайын - Эйлер-Венн диаграммасы бойынша мәтін есептер құрады және оларды шығарады; - Эйлер-Венн диаграммасын қолданып есептер шығарады.
7-бөлім. Пайыз	
Тақырыбы	*Бағалау критерийлері*

Пайыз.	- пайыз ұғымын біледі; - 25 %, 50%; 20%, 75% жазуларының мағынасын түсінеді; - бөлшекті пайызға айналдыра алады; - пайызды бөлшекке айналдыра алады.
Санның пайызын және пайызы бойынша санды табу.	- санның пайызын табу алгоритмін біледі; - пайызы бойынша санды табу алгоритмін біледі; - екі санның пайыздық қатынасын табу алгоритмін біледі; - санның пайызын таба алады; - пайызы бойынша санды таба алады; - екі санның пайыздық қатынасын таба алады; - берілген санның пайызын таба алады; - бір санның екінші санға пайыздық қатынасын және керісінше таба алады; - берілген пайызы бойынша санды таба алады.
Мәтінді есептерді шығару.	- пайзды пайдалануға берілген мәтінді есептердің түрлерін анықтай алады; - пайызы бойынша санды табу алгоритмін мәтінді есептерді шығару кезінде пайдаланады; - екі санның пайыздық қатынасын табу алгоритмін мәтінді есептерді шығару кезінде пайдаланады; - пайызға байланысты мәтінді есептерді шығарады.
8-бөлім. Бұрыштар. Көпбұрыштар	
Тақырыбы	*Бағалау критерийлері*
Бұрыш.	- бұрыш ұғымын біледі; - бұрыштың градустық өлшемі ұғымын біледі; - бұрыштарды белгілейді; - бұрыштарды салыстыра алады; - бұрыштардың түрлерін (сүйір, тік, доғал, жазыңқы, толық) ажырат алады; - бұрышты транспортирдің көмегімен өлшей алады;

	- градустық өлшемі берілген бұрышты транспортирдің көмегімен сала алады; - бұрыштың градустық өлшемін табуға берілген есепті шығара алады; - бұрыштарды салыстыруға берілген есепті шығара алады.
Көпбұрыш.	- көпбұрыш ұғымын біледі; - көпбұрыштың элементтерін біледі; - көпбұрыштың түрлерін біледі; - көпбұрыштың түрлерін ажыратып таниды; - көпбұрыштың диагоналінің анықтамасын біледі; - көпбұрыштың периметрін табуға берілген есептер шығарады; - көпбұрыштың ауданын табуға берілген есептер шығарады.
9-бөлім. Диаграмма	
Тақырыбы	*Бағалау критерийлері*
Шеңбер. Дөңгелек. Дөңгелек сектор.	- шеңбер ұғымын біледі; - дөңгелек ұғымын біледі; - шеңбердің (центр, радиус, диаметр) элементтерін біледі; - дөңгелек сектор ұғымын біледі; - циркульмен жұмыс істей алады; - циркульдің көмегімен шеңберді сала алады; - шеңбер, дөңгелек және дөңгелек секторға берілген есептерді шығарады.
Диаграмма.	- диаграмма ұғымын біледі; - дөңгелек диаграмма туралы түсінігі бар; - сызықтық диаграмма туралы түсінігі бар; - бағанды диаграмма туралы түсінігі бар; - диаграммалардың түрлерін таниды; - дөңгелек диаграмманы сала алады; - сызықтық диаграмманы сала алады; - бағанды диаграмманы сала алады.
Статистикалық деректерді көрсету тәсілдері.	- кесте түрінде берілген статистикалық ақпаратты ала алады; - диаграмма түрінде берілген

	статистикалық ақпаратты ала алады; - статистикалық ақпаратты кесте түрінде бере алады; - статистикалық ақпаратты диаграмма түрінде бере алады.
10-бөлім. Кеңістік фигураларының жазбалары	
Тақырыбы	*Бағалау критерийлері*
Тік бұрышты параллелепипед (куб) және оның жазбасы.	- тік бұрышты параллелепипед туралы түсінігі бар; - куб туралы түсінігі бар; - жазық фигуралар мен кеңістіктік фигураларды ажыратып таниды; - тік бұрышты параллелепипедтің (төбелері, қырлары, қабырғалары) элементтерін біледі; - тік бұрышты параллелепипедтің жазбасы туралы түсінігі бар; - кубтың жазбасы туралы түсінігі бар; - жазық фигураларды сала алады; - кубтың жазбаларын сала алады; - тік бұрышты параллелепипедтің жазбаларын сала алады; - кеңістіктік фигуралардың жазбаларына байланысты есептерді шығара алады.
Фигураларды қиюға берілген есептер. Фигураларды құрастыруға берілген есептер.	- тең шамалы фигуралардың анықтамасын біледі; - тең құрылымды фигуралардың анықтамасын біледі; - фигураларды қию арқылы есептер шығара алады; - фигураларды құрастыру арқылы есептер шығара алады.

3.2-кесте – Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлері (Математика, 6-сынып)

1-бөлім. Қатынастар және пропорциялар	
Тақырыбы	*Бағалау критерийлері*
Екі санның қатынасы. Екі санның пайыздық қатынасы	- сандардың қатынасы ұғымын біледі; - берілген қатынасқа кері қатынасты таба алады;

	- екі санның қатынасы нені көрсететінін түсінеді; - екі санның қатынасын дұрыс оқиды және жазады.
Пропорция. Пропорцияның негізгі қасиеті	- пропорцияның анықтамасын біледі; - пропорцияларды ажыратып таниды және құрастырады; - пропорцияны дұрыс оқып және жазады; - пропорцияның негізгі қасиетін біледі және дұрыс қолданады;
Турапропорционалдық тәуелділік. Керіпропорционалдық тәуелділік	- қандай шамалар турапропорционалды болатынын түсінеді және оларға мысалдар келтіріп, есептер шығара алады; - қандай шамалар керіпропорционалды болатынын түсінеді және оларға мысалдар келтіріп, есептер шығара алады; - шамалары тура және кері пропорционалдықпен байланысты есептерді ажыратып таниды және шығара алады.
Мәтінді есептерді пропорцияның көмегімен шығару	- пайызға берілген есептерді пропорция арқылы дұрыс шешеді; - шамаларды берілген қатынаста бөле алады; - шамаларды берілген сандарға кері пропорционал болатын бөліктерге бөле алады.
Масштаб	- масштаб ұғымын біледі; - картамен, сызбамен, жоспармен жұмыс барысында масштабты дұрыс қолданады.
Шеңбердің ұзындығы. Дөңгелектің ауданы. Шар. Сфера	- шеңбердің ұзындығының оның диаметріне қатынасы тұрақты сан екенін біледі; - шеңбердің ұзындығы формуласын біледі және дұрыс қолданады; - дөңгелектің ауданының формуласын біледі және дұрыс қолданады; - шар мен сфера туралы түсінігі бар.
2-бөлім. Рационал сандар және оларға амалдар қолдану	
Тақырыбы	*Бағалау критерийлері*

Оң сандар. Теріс сандар. Координаталық түзу. Қарама-қарсы сандар	- координаталық түзудің анықтамасын біледі; - координаталық түзуді сала алады; - координаталық түзуде оң және теріс сандарды дұрыс белгілей алады; - қарама-қарсы сандар ұғымын біледі; - координаталық түзудің бойында қарама-қарсы сандарды дұрыс белгілейді.
Бүтін сандар. Рационал сандар	- бүтін сан ұғымын біледі; - шамаларды сипаттағанда бүтін сандарды қолдана алады; - рационал сан ұғымын біледі; - координаталық түзуде рационал сандарды бейнелей алады; - рационал сандардың ішкі жиындарын Эйлер-Венн дөңгелектері арқылы бейнелей алады.
Санның модулі	- санның модулі анықтамасын біледі және оның мәнін таба алады; - $\lvert a-b \rvert$ өрнегінің геометриялық мағынасын түсінеді; - координаталық түзудегі нүктелердің арақашықтығын таба алады.
Рационал сандарды салыстыру	- бүтін сандарды салыстыра алады; - рационал сандарды салыстыра алады;
Рационал сандарды координаталық түзудің көмегімен қосу	- бүтін сандарды координаталық түзудің көмегімен қосуды біледі және дұрыс орындай алады; - бүтін сандарды координаталық түзудің көмегімен азайтуды біледі және дұрыс орындай алады.
Бөлім бойынша жиынтық бағалау	
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
3 тоқсан	
Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу	Санды теңдіктер және олардың қасиеттері
	Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу. Мәндес теңдеулер. Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу
	Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы барсызықтық теңдеу
	Теңдеулер көмегімен мәтінді есептерді шығару
Бөлім бойынша жиынтық бағалау	
Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер	Санды теңсіздіктер және олардың қасиеттері
	Сан аралықтар. Сан аралықтардың бірігуі мен қиылысуы
	Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу
	Бір айнымалысы бар сызықтық

	теңсіздіктер жүйесі. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу
	Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік. Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу
Бөлім бойынша жиынтық бағалау	
Координаталық жазықтық	Перпендикуляр түзулер және кесінділер. Параллель түзулер және кесінділер
	Координаталық жазықтық. Тікбұрышты координаталар жүйесі
	Центрлік симметрия. Осьтік симметрия
Бөлім бойынша жиынтық бағалау	
Кеңістіктегі фигуралар	Фигуралардың кеңістікте орналасуы. Кеңістік фигураларын кескіндеу, «көрінбейтін» сызықтар. Вектор ұғымы.
Бөлім бойынша жиынтық бағалау	
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
4-тоқсан	
Статистика. Комбинаторика	Статистикалық деректер және олардың сипаттамалары: арифметикалық орта, мода, медиана, құлаш
	Қозғалыстың орташа жылдамдығын табуға есептер шығару. Іріктеу тәсілі арқылы комбинаторикалық есептер шығару.
Бөлім бойынша жиынтық бағалау	
Шамалар арасындағы тәуелділіктер	Шамалар арасындағы тәуелділіктерді берілу тәсілдері:аналитикалық (формула арқылы), кестелік, графиктік тәсіл
	Нақты процестердің графиктерін қолданып шамалар арасындағы тәуелділіктерді зерттеу
	Тура пропорционалдық және оның графигі
Бөлім бойынша жиынтық бағалау	
Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер және олардың жүйелері	Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеу
	Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйелері
	Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін қосу тәсілімен және алмастыру тәсілімен шешу
	Мәтінді есептерді екі айнымалысы бар

	сызықтық теңдеулер жүйелері арқылы шығару
Бөлім бойынша жиынтық бағалау	
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
5-6-сыныптардағы математика курсын қайталау	

3.11-кесте – Жиынтық бағалаудың саны көрсетілген ұзақ мерзімді жоспар (Алгебра, 7-сынып)

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны
1-тоқсан	
5-6-сыныптардағы математика курсын қайталау	
Бүтін көрсеткішті дәреже	Натурал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері
	Бүтін көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері
	Құрамында дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру
	Санның стандарт түрі
	Мәтінді есептерді шығару
Бөлім бойынша жиынтық бағалау	
Көпмүшелер	Бірмүшелер және оларға амалдар қолдану. Бірмүшенің дәрежесі және стандарт түрі
	Көпмүшелер. Көпмүшенің дәрежесі және стандарт түрі
	Көпмүшелерге амалдар қолдану
	Көпмүшені көбейткіштерге жіктеу
	Өрнектерді тепе-тең түрлендіру
Бөлім бойынша жиынтық бағалау	
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
2-тоқсан	
Функция. Функцияның графигі	Функция және функцияның графигі
	Сызықтық функция және оның графигі
	Сызықтық функциялардың графиктерінің өзара орналасуы
	Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешу
	$y=ax^2$, $y=ax^3$ және $y=\frac{k}{x}$ ($k\neq0$) түріндегі функциялар, олардың графиктері және қасиеттері
Бөлім бойынша жиынтық бағалау	
Статистика элементтері	Вариациялық қатар
	Абсолютті жиілік және салыстырмалы

	жиілік. Жиілік кестесі
	Жиілік алқабы
Бөлім бойынша жиынтық бағалау	
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
3-тоқсан	
Қысқаша көбейту формулалары	Қысқаша көбейту формулалары
	Қысқаша көбейту формулаларының көмегімен өрнектерді түрлендіру
	Мәтінді есептерді шығару
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
4-тоқсан	
Алгебралық бөлшектер	Алгебралық бөлшек және оның негізгі қасиеті
	Алгебралық бөлшектерге амалдар қолдану
	Алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіру
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
7-сыныптағы алгебра курсын қайталау	

3.12-кесте – Жиынтық бағалаудың саны көрсетілген ұзақ мерзімді жоспар (Геометрия, 7-сынып)

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны
1-тоқсан	
Геометрияның алғашқы мәліметтері	Геометрияның негізгі ұғымдары. Аксиома. Теорема
	Фигуралар теңдігі
	Теореманы дәлелдеу әдістері: тура дәлелдеу және «кері жору» әдісі
	Сыбайлас және вертикаль бұрыштар, олардың қасиеттері
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
2-тоқсан	
Үшбұрыштар	Үшбұрыш және оның түрлері
	Үшбұрыштың биссектрисы, медианасы, биіктігі және орта сызығы
	Үшбұрыштар теңдігінің белгілері
	Теңбүйірлі үшбұрыш, оның қасиеттері және белгілері
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
3-тоқсан	
Түзулердің өзара орналасуы	Параллель түзулер, олардың белгілері және қасиеттері

	Үшбұрыш бұрыштарының қосындысы. Үшбұрыштың сыртқы бұрышы
	Үшбұрыш теңсіздігі
	Тікбұрышты үшбұрыштардың теңдігінің белгілері. Тікбұрышты үшбұрыштың қасиеттері
	Перпендикуляр түзулер. Перпендикуляр, көлбеу және оның проекциясы
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
4-тоқсан	
Шеңбер. Геометриялық салулар	Шеңбер, дөңгелек, олардың элементтері мен бөліктері. Центрлік бұрыш
	Түзу мен шеңбердің өзара орналасуы. Екі шеңбердің өзара орналасуы
	Шеңберге жүргізілген жанама. Шеңберге жүргізілген жанамалардың қасиеттері
	Үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлер
	Салу есептері
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
7-сыныптағы геометрия курсын қайталау	

3.13-кесте – Жиынтық бағалаудың саны көрсетілген ұзақ мерзімді жоспар (Алгебра, 8-сынып)

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны
1-тоқсан	
7-сыныптағы алгебра курсын қайталау	
Квадрат түбір және иррационал өрнек	Нақты сандар
	Квадрат түбір
	Құрамында квадрат түбірлері бар өрнектерді түрлендіру
	$y = \sqrt{x}$ функциясы, оның графигі және қасиеттері
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
2-тоқсан	
Квадрат теңдеулер	Квадрат теңдеу
	Квадрат теңдеулерді шешу
	Квадрат үшмүше
	Теңдеулерді шешу
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
3-тоқсан	
Квадрат теңдеулер	Мәтінді есептерді шығару

Бөлім бойынша жиынтық бағалау	
Квадраттық функция	Квадраттық функция және оның графигі
	Мәтінді есептерді шығару
Бөлім бойынша жиынтық бағалау	
Статистика элементтері	Жиілік алқабы, жиілік гистограммасы
	Орта мән. Дисперсия. Стандартты ауытқу
Бөлім бойынша жиынтық бағалау	
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
4-тоқсан	
Теңсіздіктер	Квадрат теңсіздік
	Рационал теңсіздік
	Теңсіздіктер жүйелерін шешу
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
8-сыныптағы алгебра курсын қайталау	

3.14-кесте – Жиынтық бағалаудың саны көрсетілген ұзақ мерзімді жоспар (Геометрия, 8-сынып)

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны
1-тоқсан	
7-сыныптағы геометрия курсын қайталау	
Көпбұрыштар. Төртбұрыштарды зерттеу	Көпбұрыш. Дөңес көпбұрыш
	Параллелограмм, ромб, тіктөртбұрыш, шаршы және олардың қасиеттері мен белгілері
	Фалес теоремасы. Пропорционал кесінділер
	Трапеция, оның түрлері мен қасиеттері. Трапеция мен үшбұрыштың орта сызықтары
	Үшбұрыштың тамаша нүктелері
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
2-тоқсан	
Тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштары арасындағы қатыстар	Тікбұрышты үшбұрыштың сүйір бұрыштарының тригонометриялық функциялары. Пифагор теоремасы
	Негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктер
	Тікбұрышты үшбұрыштарды шешу

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
3-тоқсан	
Аудан	Фигураның ауданы және оның қасиеттері
	Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
4-тоқсан	
Жазықтықтағы тікбұрышты координаталар жүйесі	Жазықтықтағы координаталар әдісі
	Мәтін есептерді шығару
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
8-сыныптағы геометрия курсын қайталау	

3.15-кесте – Жиынтық бағалаудың саны көрсетілген ұзақ мерзімді жоспар (Алгебра, 9-сынып)

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны
1-тоқсан	
8-сыныптағы алгебра курсын қайталау	
Екі айнымалысы бар теңдеулер, теңсіздіктер, және олардың жүйелері	Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер және олардың жүйелері
	Екі айнымалысы бар теңсіздіктер
	Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңсіздіктер жүйелері
Бөлім бойынша жиынтық бағалау	
Комбинаторика элементтері	Комбинаториканың негізгі ұғымдары мен ережелері (қосу және көбейту ережелері)
	Комбинаторика формулаларын қолданып есептер шешу
	Ньютон биномы және оның қасиеттері
Бөлім бойынша жиынтық бағалау	
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
2-тоқсан	
Тізбектер	Сандар тізбегі, оның берілу тәсілдері және қасиеттері
	Арифметикалық және геометриялық прогрессиялар
	Шексіз кемімелі геометриялық прогрессия
	Мәтінді есептерді шығару
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
3-тоқсан	
Тригонометрия	Бұрыш пен доғаның градустық және

	радиандық өлшемдері
	Кез келген бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі. Бұрыш синусының, косинусының, тангенсінің және котангенсінің мәндері
	Тригонометриялық функциялар және олардың қасиеттері
	Тригонометрия формулалары
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
4-тоқсан	
Тригонометрия	Тригонометрия формулалары
	Тригонометриялық өрнектерді тепе-тең түрлендіру
Бөлім бойынша жиынтық бағалау	
Ықтималдықтар теориясының элементтері	Ықтималдықтар теориясының негіздері
	Мәтінді есептерді шығару
Бөлім бойынша жиынтық бағалау	
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
7-9-сыныптардағы алгебра курсын қайталау	

3.16-кесте – Жиынтық бағалаудың саны көрсетілген ұзақ мерзімді жоспар (Геометрия, 9-сынып)

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны
1-тоқсан	
8-сыныптағы геометрия курсын қайталау	
Жазықтықтағы векторлар	Вектор. Векторларға амалдар қолдану. Коллинеар және коллинеар емес векторлар
	Вектордың координаталары. Координаталық түрде берілген векторларға амалдар қолдану
	Есептерді шешуде векторларды қолдану
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
2-тоқсан	
Жазықтықтағы түрлендірулер	Қозғалыс және оның қасиеттері
	Гомотетия және оның қасиеттері
	Ұқсас фигуралар және олардың қасиеттері. Үшбұрыштар ұқсастығының белгілері
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
3-тоқсан	
Үшбұрыштарды шешу	Үшбұрыштарды шешу

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
4-тоқсан	
Шеңбер. Көпбұрыштар	Шеңбер және дөңгелек. Доғаның ұзындығы. Дөңгелек, сектор және сегменттің аудандары
	Дұрыс көпбұрыштар, олардың қасиеттері және симметриялары
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	
7-9-сыныптардағы геометрия курсын қайталау	

Қалыптастырушы бағалау – бұл оқушылардың жаңа материалды меңгеру кезінде тапсырманы орындау, оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелерге қаншалықты дұрыс жеткендігін түсінуге мүмкіндік беретін, күнделікті сабақта және/немесе үйде жұмыс жасау дағдылары мен білімдерінің меңгерілу деңгейін анықтайтын, оқу барысында мұғалім мен оқушы арасындағы жедел өзара байланысты жүзеге асыратын бағалау.

Қалыптастырушы бағалау арқылы мұғалім білім алушының оқыту мақсатына «жетті» немесе «талпынады» деген қорытынды шығарады. Бұл бағалау тақырып бойынша немеесе күнделікті сабақта жүргізіледі.

Әрі қарай жалпы білім беретін мектептің 5-сынып мұғалімдеріне арналған «Математика. Әдістемелік нұсқау» (авторлары: А.Е. Әбілқасымова және т.б.) құралында берілген қалыптастырушы бағалау бойынша тапсырмаларының үлгілері келтірілген [10].

5-сыныптың «Математика» пәнінен «Теңдеу» тақырыбы бойынша құрастырылған қалыптастырушы бағалауға арналған тест тапсырмалары:

1. $154 – x \cdot 120 = 34$ теңдеуінің шешімі ___.

2. $40 \cdot 5 – 7x = 60$ теңдеуінің түбірі ___.

3. $75x – 25x = 100$ теңдеуінің шешімі

1) 1 2) 2 3) 10 000 4) 50 5) 150.

4. $x + 9 \cdot 80 = 740$ теңдеуінің түбірі

1) 2 2) 20 3) 1460 4) 651 5) 6300.

5. 10 саны қай теңдеудің шешімі болады?

1) $(15 – x) \cdot 40 = 2000$
2) $2000 : (x + 10) = 10$
3) $10\,000 – 100x = 9000$
4) $50x – 8 \cdot 50 = 18$
5) $150 + 15x = 1650$.

6. 0 саны қай теңдеудің шешімі болады?

1) $15 – x \cdot 140 = 30$
2) $248 : x + 10 = 10$
3) $(12\,932 – 147)x = 0$
4) $4 \cdot 250 – 591x = 409$
5) $(150 + 15)x = 1650$.

7. 5 саны * · x = 6300 : 70 теңдеуінің шешімі болу үшін * орнына қандай сан қою керек?

1) 90 2) 1350 3) 135 4) 6 5) 60.

5-сыныптың «Математика» пәнінен «Дәреже» тақырыбы бойынша құрастырылған қалыптастырушы бағалауға арналған тест тапсырмалары:

1. 10 санының кубының мәні

1) 10 2) 100 3) 1000 4) 10 000.

2. 2^5 дәрежесінің мәні

1) 25 2) 10 3) 7 4) 32.

3. 4^7 өрнегіндегі 4 саны қалай аталады?

1) дәреженің негізі 2) дәреженің көрсеткіші 3) дәреже.

4. 4^7 өрнегіндегі 7 саны қалай аталады?

1) дәреженің негізі 2) дәреженің көрсеткіші 3) дәреже.

5. 4^7 өрнегі қалай аталады?

1) дәреженің негізі 2) дәреженің көрсеткіші 3) дәреже..

6. 54 321 санының ондық жазылуын көрсетіңдер:

1) $54 \cdot 1000 + 321$
2) $5 \cdot 10\,000 + 4000 + 321$
3) $5 \cdot 10^4 + 4 \cdot 10^3 + 3 \cdot 10^2 + 2 \cdot 10^1 + 1$.

7. 10^{11} дәрежесінің мәнінде қанша нөл бар?

1) 12 2) 11 3) 10.

Орта мерзімді жоспарларда мұғалімдер үшін тақырыптар мен бөлімдер бойынша сабақтар өткізу, сабақтарда оқушыларды ұйымдастыру ұсыныстары берілген, сондай-ақ оқыту ресурстары қосылған (интернет, мәтіндер, жаттығулар, бейне мен аудиоматериалдары және т.б.). Оқытудың мақсаттары мен тәсілдеріне негізделген жоспарларда мұғалімдер үшін әрбір бөлім мен тақырыптарды өткізу, оқушылардың сабақта білім алуын ұйымдастыру бойынша ұсынымдары, сонымен бірге оқу ресурстары енгізілген (интернет, мәтіндер, жаттығулар, бейне және аудиоматериалдары т.б.).

Орта мерзімді жоспарлардың оқу бағдарламасын сабақтардың жүйелі сериясына құрылымдайтын мұғалімдер тобы немесе жеке мұғалім жүзеге асырады. Орта мерзімді жоспар ұзақ мерзімді жоспармен анықталған бағдарларды нақтылайды және ең қысқа мерзім аралығында жүзеге асырылады. Орта мерзімді жоспарларда белгіленген кезеңге арналған негізгі міндеттер тұжырымдалады. Онда әрбір тоқсанға немесе бөлімге арналған оқыту тақырыптары көрсетіледі. Бөлімдер ішінде сағаттарды бөлуді, сондай-ақ мұғалімнің қалауына қарай өзгертуге болады [5].

Қысқа мерзімді жоспарлауда тілдік мақсатты ескеру сабақты ұтымды құруға көмектеседі. Сабақтың сауатты жоспарлануы – мұғалімнің кәсібилігінің көрсеткіші. Сабақты жоспарлау барысында мұғалімнің бүкіл сыныптың дайындығын, сондай-ақ олардың қызығушылықтарын назарға алу үшін әр оқушының деңгейін есепке алғаны жөн.

Қысқа мерзімді жоспар дайындағанда мұғалімге саралай оқыту тәсілі мен оқушылардың жеке ерекшеліктеріне ерекше назар аудару ұсынылады. Сабақты қысқа мерзімді жоспарлау мұғалімге сабақ мақсаттарына анағұрлым тиімді қол жеткізуге көмектеседі. Ол үшін мұғалім оқу материалы мен сабақтағы әрекет түрлерін мұқият іріктеп алуы керек. Мұғалім әр сабақтан кейін білім алушылар меңгере алмаған немесе түсінбеген жерлерін анықтау мақсатында сабаққа талдау (рефлексия) жасап отыруы керек.

Қысқа мерзімді жоспар құрған кезде мұғалімдердің басшылыққа алуына төмендегідей ұсыныс береміз:

- сабақты ұйымдастырғанда оқу бағдарламасында және оқу жоспарында көрсетілген мақсаттарды басшылыққа алу қажет;
- сабақ мақсаттарын анық тұжырымдау (S.M.A.R.T. қағидасы бойынша), яғни нақты, өлшемді, қолжетімді, шынайы мақсаттар қою;
- орта мерзімді жоспарда көрсетілген барлық іс-әрекеттерді, әдістемелік кеңестерді, ресурстарды мұқият зерделеу;
- мұғалімнің қалауы бойынша іс-әрекет түрі қажеттілігіне қарай толықтырылып отырады.

Мұғалім білімнің тек дара көзі ретінде емес, оқушылардың өздерінің оқу-танымдық қызметінің белсенді ұйымдастырушысы ретінде қызмет етуі тиіс.

Оқыту әдісі, мақсатқа жетудегі саналы түрде қолданылатын тәсіл, ал мақсатқа жету мұғалімнің шеберлігіне, оның оқыту процесін тиімді ұйымдастыра білуіне, оқушылардың даярлық дәрежесіне, мұғалім мен оқушылардың белсенділік педагогикалық ынтымақтастығына байланысты [6].

Сондықтан, заманның талабына сай жаңартылған мазмұндағы сабақтарды жобалаудың келесі алгоритмін ұсынамыз:

1. Сабақтың оқу мақсаты анықталады.

2. Пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұнынан оқу мақсатына сай міндеттері жазылады. Жүйелік-әрекеттік және тұлғалық нәтижелерді «Осы сабақта оқи отырып, сендер … үйренесіңдер» деп жазуға болады.

3. Мақсат пен міндеттерге қол жеткізу үшін белсенді және интерактивті оқыту әдістерінің орынды түрлері (*оларға шолу және сабақ мақсаттарына сәйкестігі әрі қарай мәтінде беріледі*) іріктеледі. Барлық міндеттерді жиынтықтап орындау, сабақтың конспект-жоспарында қарастырылған мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

4. Уақыт, іс-әрекет түрлері және ресурстар бойынша байланыстырылған сабақ кезеңдері жоспарланады.

Әр сабақтың құрылымы келесі компоненттерден тұрады:

1) оқушыға түсінікті формада білдірілген сабақтың мақсаттық нұсқаулары («Нені білеміз, не үйренеміз»);

2) сабақта жұмыс істеуге қажетті білім мен іскерліктерді жандандыруға арналған тапсырма (-лар);

3) жаңа мазмұнды меңгеру және қолдану мақсатында мәтіндік және иллюстративті материалдан тұратын тапсырмалар жүйесі (мәтін және иллюстрациялармен жұмыс, сыныппен жұмыс);

4) сабақ мазмұны бойынша қысқа қорытынды («Қорытынды жасаймыз», сыныппен жұмыс);

5) бақылау-бағалау іс-әрекетін ұйымдастыруға арналған сұрақтар мен тапсырмалар (өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар);

6) үй тапсырмасын (үй және шығармашылық тапсырмалар) беру.

Сабақты әзірлегенде оқушылар мақсаттарға бір сабақта емес, сабақтар циклі арқылы қол жеткізетінін есте сақтау керек. Сонымен бірге жұмыстың тізбектік кезеңдерін ұйымдастыру, әр сабақты өту мен оқытудың мақсаттарын айқындау, сабақ беру мен оқытудың нәтижелерін өлшеу әдістемесін бекіту, күтілетін нәтижелерге қол жеткізу мақсатында оқыту мен сабақ берудің міндеттерін айқындау, оқытудың барлық кезеңінде мақсатқа бағытталған оң динамиканы қамтамасыз ету, барлық білім алушыларды оқыту процесіне тарту мақсатында стратегиялық жоспарлау міндетті.

Тізбекті сабақтарды жоспарлауға байланысты сабақтың өту және оқыту мақсаттарын реттеуді айқындайтын келесі сұрақтар туындауы тиіс:

Сіздің ойыңызша білім алушылар қандай білімді меңгеруі тиіс?

Білім алушылар қандай негізгі идеяларды ұғынуы тиіс?

Білім алушылар қандай мәселелерді зерттеуі және талдауы тиіс?

Мәселен, оқыту мақсаттары (Блум бойынша).

Білім алушылар: … *біледі.* … *түсінеді.* ... *ойланады.* Бұл бағдарламаның идеясын, аталған тәжірибенің ықпалын, өзгерістерін есепке ала отырып өзінің сабақ өту тәжірибесіне енгізуіне мүмкіндік береді.

Тізбекті сабақтарды жоспарлау мұғалімнің мыналарды түсінуіне ықпал етеді: тізбекті сабақтар *кім үшін* жоспарлануда, ең алдымен *нені* үйрету қажет және бағалаудың *қандай тәсілін* пайдалану қажет?

Қысқа мерзімді жоспардың мақсаты нақты сабақ аясындағы жұмыстың ұғымын түсіндірумен, аталған сабақтың оқыту мақсаттарын айқындаумен, нәтижелерін өлшеуді ұйымдастырумен ғана шектелмейді. Аталған сабақ аясында оқыту прогресін қамтамасыз ету және нақты тапсырмаларды орындауда барлық білім алушыларды тарту үшін, оқушылардың түрлі типін оқытуға бағытталған қандай тапсырмалар жүзеге асырылатындығын алдын ала қарастыру маңызды.

Әрі қарай жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдері әзірлеген қысқа мерзімді жоспардың үлгілерін ұсынамыз.

1. 7-сыныптағы «Теңбүйірлі үшбұрыш, оның қасиеттері және белгілері» тақырыбы бойынша дайындалған қысқа мерзімді жоспардың үлгісі. Дайындағандар: Даирова С.И., Копобаева М.И. - Қарағанды қаласы "Ю.Н. Павлов атындағы № 35 ЖББОМ" КММ математика пәні мұғалімдері.

Сынып: 7	Қатысқан оқушылар саны: Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы	*Теңбүйірлі үшбұрыш, оның қасиеттері және белгілері*

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	7.3.1.23 Теңбүйірлі үшбұрыштың белгілері мен қасиеттерін қолдану
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: Теңбүйірлі үшбұрыштың белгілері мен қасиеттерін ажыратады Оқушылардың көпшілігі: Теңбүйірлі үшбұрыштың қасиеттері мен белгілерін есептер шығаруда қолданады Кейбір оқушылар: Күрделі зерттеуге берілген есептерді шығарады
Ойлау деңгейі	Қолдану, талдау
Бағалау критерийлері	1. Есеп шартына қарай теңбүйірлі үшбұрыштың белгілері мен қасиеттерін тиімді анықтайды 2. Есептер шығарғанда қасиеттері мен белгілерін реттілікпен қолданады
Тілдік мақсат	Оқушылар орындай алады: Оқушылар әр үшбұрыштың белгілері мен қасиеттерін ажыратады, тең, тең емес екенін, «егер» сөзі арқылы түсіндіреді Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: бүйір қабырғалары, табан бұрыштары, биіктік, медиана, биссектриса Диалог құруға арналған пайдалы тіркестер: Тең қабырғалы үшбұрыш тең бүйірлі үшбұрыш бола ала ма? Неліктен олай ойлайсың?
Құндылықтарға баулу	Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы.
Пәнаралық байланыс	География. Географиялық координаттар, ендік, бойлық
Алдыңғы оқу	7.1.1 Үшбұрыш түрлері, үшбұрыштың биіктігі, медианасы, биссектрисасы

Жоспар

Жоспарланған уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер (төменде келтірілген жазбаларды жоспарланған әрекеттермен алмастырыңыз)	Ресурстар
Сабақтың басы 10 мин	I. Ұйымдастыру кезеңі Топқа бөлу: үшбұрыштар түрлері бойынша (тікбұрышты, теңқабырғалы, әртүрліқабырғалы) «Ыстық орындық» әдісі арқылы үй тапсырмасын бекіту Өзара бағалау	карточкалар
Сабақтың ортасы 25 мин	Топтық жұмыс: «Джигсо» әдісі арқылы топтарға есептер беріледі 5.32 Табаны ВС болатын теңбүйірлі АВС үшбұрышының периметрі 40 см, ал тең қабырғалы ВДС	Оқулық Әдістемелік нұсқаулы

	үшбұрышының периметрі 45 см. АВ және ВС қабырғаларын табыңдар. 5.40.1 АВС үшбұрышында АВ=ВС, ВД – биссектриса. Егер А төбесіндегі сыртқы бұрышы 130° -қа тең болса , онда ВСА бұрышын тап. 5.40.2 АВС үшбұрышында АВ=ВС, ВД – биссектриса. Егер АВ =5 см, АД = 2 см болса, онда АВС үшбұрышының периметрін тап. Бағалау парағы арқылы бағаланады. Жеке жұмыс 1-тапсырма	қ

	$AC=2AB$ $P=20$ AC, BC, AB - ?
	$P=35$ $EF:EM=3:2$ EF, EM, MF - ?
	$KM–MN=10$ $P=26$ MK, KN, MN - ?
	$P=3,4$ $BC=1,3$ AB - ?

Дескриптор
- теңбүйірлі үшбұрыштың қасиеттерін қолданады;
- санды өрнек / теңдеу құрады;
- есептеулер орындайды / теңдеуді шешеді;
- есептің жауабын табады.

2-тапсырма
Теңбүйірлі үшбұрыштың бүйір қабырғасы табанынан үш есе үлкен. Периметрі 49 см. Теңбүйірлі үшбұрыштың қабырғаларының ұзындықтарын табыңыз.

Дескриптор
- үшбұрыштың периметрі формуласын қолданады;
- шарт бойынша теңдеу құрады;

	– теңдеуді шешеді; – жауабын табады. 3-тапсырма ΔABC және ΔAPC теңбүйірлі үшбұрыштарының AC ортақ табаны. PB түзуі оны О нүктесінде қиып өтеді. Дәлелдеңіз: *a)* $\angle PAB = \angle PCB$; *b)* $AO=OC$; *c)* $AC \perp BP$. Дескриптор теңбүйірлі үшбұрыштың белгісін қолданады; $\angle PAB = \angle PCB$ болатындығын дәлелдейді; $AO=OC$ болатындығын дәлелдейді; $AC \perp BP$ болатындығын дәлелдейді.	
Сабақтың соңы 5 минут	Берілген сөйлемдерден дұрыс тұжырымды анықтаңыз: Егер үшбұрыш теңқабырғалы болса, онда ... *a)* ол теңбүйірлі; *b)* бұрышы 60^0; *c)* медианасы, биіктік және биссектриса болады; *d)* биіктіктері үшбұрышты өзара тең үшбұрыштарға бөледі; *f)* биссектриссасы қабырғасының жартысына тең болады. *Кері байланыс* «Басбармақ» әдісі  Үйге тапсырма: Теңбүйірлі үшбұрыш тұралы ертегі құрастыру	

Қосымша ақпарат		
Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?	Бағалау – Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау
1. Үй тапсырмасын бекіту кезеңінде «Ыстық орындық» әдісі; 2. Әр түрлі типтегі күрделі есептерді шығару үшін	1. Өзара бағалау 2. Бағалау парағы арқылы	

«Джигсо» әдісі; 3. Жеке жұмыс ретінде оқушы деңгейіне қарай тапсырмалар; 4. Сабақты қорытындылауда дұрыс тұжырым жасау кестесін қолдану; 5. «Бас бармақ» әдісі арқылы оқушылардан кері байланыс алу жоспарланды	3. Дескриптор арқылы	

2. 5-сыныптағы «Дұрыс және бұрыс бөлшектер» тақырыбы бойынша дайындалған қысқа мерзімді жоспардың үлгісі. Дайындаған: Идрисова Гүлнәр Маденқызы - Ақмола облысы Қорғалжын ауданы Ә. Үсенов атындағы Сабынды орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі.

Сынып: 5	Қатысқан-дар: Қатыспаған-дар:
Сабақтың тақырыбы	Дұрыс және бұрыс жай бөлшектер.
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	5.1.1.10 - Дұрыс және бұрыс бөлшектерді ажырату.
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: дұрыс және бұрыс жай бөлшектердің анықтамасын біледі, түсінеді. Оқушылардың басым бөлігі: дұрыс және бұрыс жай бөлшектердің анықтамасын қолданады, қорытындылайды. Кейбір оқушылар: талдайды, бағалайды.
Бағалау критерийі	– дұрыс бөлшек пен бұрыс бөлшектің анықтамасын біледі – дұрыс бөлшек пен бұрыс бөлшекті ажыратады – дұрыс және бұрыс бөлшектердің практикада, өмірде қолданылатын орнын біледі

Тілдік мақсаттар	Оқушылар: Пәнге қатысты лексика мен терминологиясы: «дұрыс бөлшек», «бұрыс бөлшек», «алым», «бөлім», «үлкен», «кіші», «кем», «артық» Диалог пен жазуға пайдалы сөз тіркестері: - Егер жай бөлшектің алымы бөлімінен кіші болса, онда... - Егер жай бөлшектің алымы бөлімінен үлкен болса, онда... - Егер жай бөлшектің алымы бөліміне тең болса, онда... - Егер жай бөлшек 1-ден кем болса, онда... - Егер жай бөлшек 1-ден артық болса, онда... - Егер жай бөлшек 1-ге тең болса, онда...	
Құндылық тарға баулу	Есепің шарттары арқылы «Мәнгілік Ел» ұлттық идеясынын жалпыға бірдей еңбек қоғамы құндылығын кірістіре отырып, еңбекке және шығармашылыққа, ынтымақтастыққа, өмір бойы білім алуға баулу.	
Пәнаралық байланыс	Қазақ тілі: дұрыс жазылуы және гуманитарлық тілде айтылуы.	
Тақырып бойынша алдыңғы білім	5.1.1.9 - жай бөлшек ұғымын меңгерген. 5.5.2.1 – жай бөлшектерді оқуды және жазуды біледі.	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин.	Шаттық шеңберіне тұрғызып, тілектер айтады. Оқушылардың назарын шоғырландыру, өткен сабақты қайталау. «Ойлан да, тап!»  1.Фигураның қандай бөлігі боялған? 2.Фигураның қандай бөлігі боялмаған?  3. Фигураның қандай бөлігі боялған ? 4. 4:19 өрнегінің оқылуы? (бірнеше тәсілін сұрау) 5. Айжанда үш бүтін алма, екі жарты алма	 Слайд

	және төрт ширек алма бар. Айжанда барлығы неше алма бар? 6. Сыныпта 9 қыз бар. Бұл сыныптағы барлық оқушылардың 1/3 -індей. Сыныпта барлығы неше оқушы оқиды? Саралаудың тапсырма, қарқын әдісі ҚБ Смайликпен бағалау	Смайликтер
Сабақтың ортасы 35 мин.	1 – тапсырма.(ЖЖ) Мына бөлшектердің ішінен дұрыс бөлшектерді бір қатарға, бұрыс бөлшектерді екінші қатарға теріп жазыңыз $\frac{5}{9}; \frac{6}{6}; \frac{3}{8}; \frac{13}{21}; \frac{15}{8}; \frac{47}{32}; \frac{11}{8}; \frac{34}{20}; \frac{5}{12}; \frac{25}{29}; \frac{17}{13}$ Мақсаты: Берілген бөлшектердің айырмашылығын ажырата білу. Проблема шешу қажеттілігін туындату. Не байқадың? Қандай айырмашылықтары бар? Қалай ойлайсыңдар, қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс бөлшектер болуы мүмкін? Дескриптор: дұрыс бөлшектерді жазады; бұрыс бөлшектерді жазады. ҚБ: «Бас бармақ» Сабақ мақсатын ашу, мақсатымен таныстыру.  Кері байланыс орнату: Неліктен дұрыс бөлшек? Неліктен бұрыс бөлшек? Неліктен 1-ден кем? Неліктен 1-ден артық? Неліктен 1-ден кем?. 2 – тапсырма.(ТЖ)«Тез ойла»	Бас бармақ Слайд 2

	а)дұрыс бөлшек болатындай айнымалының мүмкін мәндерін табыңыз: $\frac{x+3}{7}$. ә)бұрыс бөлшек болатындай айнымалының мүмкін мәндерін табыңыз: $\frac{5}{x+2}$. Мақсаты:Топта талдай отырып есептің шешуін табу Дескриптор: Қорытып шығарған анықтамаға сүйене отырып, дұрыс бөлшектерді жазады; Қорытып шығарған анықтамаға сүйене отырып, бұрыс бөлшектерді жазады. ҚБ «Бағдаршам әдісі» 3 – тапсырма.(ТЖ) x –тің қандай натурал сан мәндерінде: а) $\frac{x}{7}$ және $\frac{10}{x}$ – бұрыс бөлшек, $\frac{8}{x}$ – дұрыс бөлшек? ә) $\frac{x}{11}$ және $\frac{14}{x}$ – бұрыс бөлшек, $\frac{12}{x}$ – дұрыс бөлшек? Мақсаты: Кез келген түрде берілген бөлшектерді дұрыс немесе бұрыс бөлшек түрінде жаза білу. Дескриптор: Бөлшектер бұрыс болатындай айнымалының мәндерін анықтайды Бөлшектер дұрыс болатындай айнымалының мәндерін анықтау Айнымалының анықталған мәндерінің ішінен ортақ мәндерін анықтау. ҚБ «Смайлик» арқылы 4 – тапсырма (ТЖ). Екі құрылысшы бөренені А, В, С, Д нүктелері арқылы үш бөлікке бөлді. Онда АД кесіндісінің (бөлігінің) ұзындығы 24 м. АД кесіндісінен СД кесіндісі 9м қысқа, ал АВ кесіндісі 6 м ұзын. 1) АВ кесіндісі неше сантиметр? 2) АС кесіндісі неше сантиметр? АС кесіндісі АВ кесіндісінің қандай бөлігі? Дұрыс бөлшек пе, бұрыс бөлшек пе? 3) DB кесіндісі неше сантиметр? DB кесіндісі	Бағдаршам

	АВ кесіндісінің қандай бөлігі? Дұрыс бөлшек пе, бұрыс бөлшек пе? 4) Егер бөренені тең жеті бөлікке бөлсек бір бөрененің ұзындығы неше метр? Дұрыс бөлшек пе, бұрыс бөлшек пе? Топтарға тапсырма беріледі. Бұл есептерде есептің күрделілігіне байланысты кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан-жақты, нақты нұсқау беріледі. Мақсаты: Еңбекке және шығармашылыққа баулу, тілді қолдану шеберлігін көрсетеді, белсенді тыңдаушылар тобын қалыптастыру Топтар бірін-бірі бағалайды: «Бағдаршам» әдісі Сабақ мақсаттарына жататын білімді қалыптастыруға және дағдыны дамытуға бағытталған қызмет. Қызмет барысында оқушыларда ақпаратты талдау және өңдеу, зерттеу, практикалық жұмыс, проблемалық жағдайды шешу арқылы білім қалыптасады және дағды дамиды. Сергіту сәті. «Шапалақ ойыны». $\frac{18}{29}; \frac{5}{9}; \frac{53}{24}; \frac{6}{5}; \frac{7}{19}; \frac{79}{57}; \frac{11}{16}; \frac{14}{9}; \frac{121}{121}; \frac{9}{10}; \frac{5}{4}; \frac{1}{8}$	Бағдаршам
Сабақтың соңы 5 мин.	Тақырыптың түйіні. 1. Егер a < b болса, a/b – дұрыс бөлшек. Мысалы 2/3, 4/5, 7/18 – дұрыс бөлшектер. 2. Егер a > b болса, a/b – бұрыс бөлшек. Мысалы 5/3, 7/7, 19/16 – бұрыс бөлшектер. Үйге тапырсыпма: тақырып бойынша эссе жазу. Әр топ өзара тақырыпқа қатысты қысқаша шағын әнгіме құрастырады. Сабаққа рефлексия: «Күншуақ» рефлексиясын қолдану Тақтада күн орнатылған, балаларға сары және көгілдір түсті сәулешіктер таратылады.Сәулешіктер күнге жапсырылуы керек: сары түсті – маған өте ұнатады, өте көп қызық ақпараттар алдым; көгілдір түсті – сабақ қызық емес, мен үшін маңызды ақпараттар болған жоқ.	

Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау	Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін	Денсаулық және	

көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	қауіпсіздік техникасын сақтау	
Диалогтық қолдау көрсету. Басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға арнап күрделі деңгейдегі тапсырма беріледі, олар қолдауға мұқтаж оқушыларға есепті шығара отырып басқаларға түсіндіреді (үйрете отырып үйренеді) Саралау әдісін сабақтың кез келген кезеңінде қолдануға болады	Әрбір тапсырмадан кейін оқушылардың өзін-өзі бағалау және өзара бағалау әдістерін қолданамын. Сабақ соңында «Күншуақ» қолдану арқылы оқушының қандай деңгейде екенін, келесі сабақта кімге толық көмек керек екендігін анықтаймын	Сергіту сәті	
Сабақ бойынша рефлексия *Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімдіболдыма?* *Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткіздіме?Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз?Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?* *Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба?* *Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?*		*Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланың ыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз.*	
Жалпы бағалау Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)? 1: 2: Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)? 1: 2: Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе			

жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?	

3. 7-сыныптағы «Дұрыс және бұрыс бөлшектер» тақырыбы бойынша дайындалған қысқа мерзімді жоспардың үлгісі. Дайындаған: Абилева Гульмира Аскеровна - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы Қазақ мектеп-гимназиясының математика пәнінің мұғалімі.

Сынып: 7а	Қатысқандар: Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы:	Сәуле және кесінді
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	7.1.1.5 - кесінді, сәуле, бұрыш, үшбұрыш, жарты жазықтық анықтамаларын білу; 7.1.1.2 - нүктелер мен түзулердің тиістілік аксиомаларын білу және қолдану;
Сабақтың мақсаты	*Барлығы: планиметрияның негізгі фигураларын ажырата алады: нүкте, түзу* *Көпшілігі: планиметрияның аксиомаларын түсіндіре алады* *Кейбіреулер: кесінділермен амалдарды жүргізіп түсіндіре алады*
Бағалау критерийі	- *геометриялық фигураларды анықтайды*
Тілдік мақсаттар	*Оқушылар:* *аксиомаларды түсіндіре алады* *Диалогқа/ жазылымға қажетті сөз тіркестер:* *-кесінді, сәуле,бұрыш, жарты жазықтық, жарты түзу, аксиома*
Құндылықтарға баулу	*Жұптық және топтық жұмыста қазақ халқына тән сыйласымдық пен ынтымастық дағдысын қалыптастыру*
Пәнаралық байланыс	Сәуле және кесінді салу *барысында өлшем бірліктерін сақтау және суреттің әдемілігін бейнелеу өнері сабағында қалыптастыратын білімдері қажет етеді*
Тақырып бойынша алдыңғы білім	*Сәуле және кесінді, жарты түзу анықтау* *Кесінділерге амалдар жүргізу*

Сабақ барысы

Сабақтың	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар

<table>
<tr><td>жоспарланған кезеңдері</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы
5 мин</td><td>Ұйымдастыру кезеңі:
1.Оқушылармен амандасып сабақтың ұранымен таныстырамын
Сабақтың ұраны:
«Ештеңе туралы сұрамайтын адам ештеңе үйренбейді…»
Фуллер Тори Эдвин
2. Оқушылардың назарын шоғырландыру үшін сурет беріледі
 
Оқушыларға қойылатын сұрақтар:
1.Берілген сурет қандай сұрақ, қандай ой туғызады?
2.Сабақта неге үйренуіміз керек?
3.Оқушылармен бірге сабақ мақсаттарын/ ОМ анықтаймыз;
4.Оқушыларды, орындыққа клейлеген стикердің түсіне қарай, топтарға бөлеміз</td><td></td></tr>
<tr><td>«Джигсо» әдісі
15мин

жұптық жұмыс
5 мин

Өздік жұмысы 10мин</td><td>Белсенді оқу әдісі «Джигсо» әдісін қолдану. Әр оқушының өз номері болады. Номерлері бірдей оқушылар бір топқа жиналып әр оқушы өз есебін басқаларға түсіндіреді
Оқушыларға ьерілген есептер №№2.4 №2.5 №2.6 №2.7 №2.8

«Ойлан-жұптас-бөліс»
№2.9
Оқушыларға табыстылығына сай тапсырмалар таратылады:
1-тапсырма
Дұрыс тұжырымдарды көрсетіңіз
<table><tr><td>Тұжырым</td><td></td></tr><tr><td>Түзудің нүктемен шектелген бөлігі сәуле деп аталады</td><td></td></tr><tr><td>Кесінді-ең қарапайым геометриялық фигура</td><td></td></tr><tr><td>Кесінді-екі нүктемен шектелген түзу бөлігі</td><td></td></tr><tr><td>Нүктелер латын алфавитінің кіші әріптермен, ал түзулер үлкен әріптерімен белгіленеді</td><td></td></tr><tr><td>Сәуленің екі шеті болады</td><td></td></tr></table>Дескриптор Білім алушы
-дұрыс тұжырымдарды анықтайды
2-тапсырма</td><td></td></tr>
</table>

	АВмен CD кесінділерді салыңдар. АВ мен CD кесінділерінің қосындысына (айырымына) тең кесіндіні салыңдар. *Дескриптор Білім алушы* *-салуды орындайды* *- сызу құралдарды қолданады* *- кесінділердің қосындысын (айырымын) орындайды*	
Сабақтың соңы 5 мин	*Сабақ соңындағы оқушылардың рефлексиясы: «Аяқталмаған сөйлемдер»* Бүгінгі сабақта мен: ..... үйрендім. Бұған дейін мен: ..... білуші едім. Топпен жұмыс жасау кезінде: .....түсіндім. Бүгінгі тақырып бойынша: ..... түсініксіз болды.	

Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау
Оқушылар бірлесе отырып топпен жұмыс жасайды. Олар бір-біріне көмектесіп кесінділерді, сәулелерді салады. Жұптасып оқушылар өздігінен орындаған тапсырмаларды өзара тексеріс арқылы тексереді	*Бұл бөлімде оқушылардың өзін-өзі реттеуді үйрету үшін табыстылығына сай тапсырмалар таратылады да олардың орындалуы критерийлер арқылы бағалауды қолданамын.*	Денсаулық сақтау технологиялары*: Баланың жас ерекшелігіне сай қарапайым, түсінікті және эстетикалық түрде орындалған тапсырмалар ұсынылады* Қауіпсіздік техникасы ережелерінің *тармақтары Бірлесе жұмыс жасау мәдениетін ұстануына,белгілі бір тәртіптің болуына жағдаяттар туындатамын.*

Сабақ бойынша рефлексия *Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма?* *Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?* *Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба?* *Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?*	*Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз.*

Қорытынды

Білім беру мазмұнын жаңарту – бұл, бәрінен бұрын орта білім беру моделін, оның құрылымын, мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеу тәсілі мен әдістерін қайта қарау, оқушылардың білім жетістіктерін бағалаудың барынша жаңа бағалау жүйесін енгізу. Білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы бүкіл іс-шаралар кешені тұлғаның үйлесімді қалыптасуы мен дамуына, қолайлы білім беру кеңістігін құруға бағытталған.

Мектептегі білім берудің дамуындағы жаңа кезең, оқу процесін ұйымдастыру және мазмұнын қалыптастырудағы құзыретті тәсілді енгізумен, оқушыларды алған білімдері мен біліктерін нақты оқу және өмірлік жағдайларда қолдануға үйрету қажеттілігімен тығыз байланысты. Құзыретті тәсілді енгізу, оқу жетістіктері деңгейін бағалау жүйесіндегі өзгерістерді талап ететін оқыту мазмұнының нәтижелерін міндетті түрде болжауды жорамалдайды.

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында әзірленген бұл әдістемелік құрал үш бөлімнен тұрады.

Әдістемелік құралдың бірінші бөлімінде білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы «Математика» (5-6-сыныптар), «Алгебра» (7-9-сыныптар), «Геометрия» (7-9-сыныптар) оқу бағдарламаларының ерекшеліктері ашып көрсетілген. Жоғарыда аталған оқу пәндерінің мазмұнын және оқу мақсаттарын ашып көрсететін бөлімдер мен бөлімшелер түсіндірмелерімен кесте және сызба түрінде берілген.

Екінші бөлімде «Математика» (5-6-сыныптар), «Алгебра» (7-9-сыныптар), «Геометрия» (7-9-сыныптар) оқу пәндерін оқытуды ұйымдастыру формалары мен әдістері қарастырылған. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бойынша педагогикалық технологияларға ерекше көңіл бөлінген.

Әдістемелік құралдың үшінші бөлімінде бағалау критерийлерін жасау бойынша әдістемелік ұсыныстар беріліп, жеке-жеке әр пән бойынша 5-9-сыныптардағы жиынтық бағалау бойынша жұмыстар саны, қалыптастырушы бағалауды жүргізу бойынша мәтіндік тапсырмалардың үлгілері көрсетілген, сондай-ақ математика, алгебра және геометрия пәндері бойынша пән мұғалімдерінің қысқа мерзімді жоспарлары кірістірілген.

Бұл әдістемелік құрал білім беру мазмұнын жаңарту аясында әзірленген ұсынымдамадық сипаттағы және республиканың жалпы білім беретін мектептерінің пән мұғалімдері басшылыққа алатын құралдардардың бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 31 қаңтарында Қазақстан халқына арнаған жолдауы.
2. «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 15 тамыздағы № 485 қаулысы.
3. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары.
4. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарына арналған «Математика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
5. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Алгебра» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
6. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Геометрия» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
7. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 27 шілде 2007 жыл №319-III (01.01.2017 ж. өзгертулер мен толықтырулар).
8. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығы.
9. Активные методы в педагогической и воспитательной деятельности в условиях реализации ФГОС (для слушателей Pedcampus) / Консалтинговая группа «Финиум». – Москва, 2014.
10. Математика. Әдістемелік нұсқау. Жалпы білім беретін мектептің 5-сынып мұғалімдеріне арналған құрал. / А.Е. Әбілқасымова және т.б. – Алматы: Мектеп, 2017.
11. Критическое мышление: отчёт об экспертном консенсусе в отношении образовательного оценивания и обучения (Дельфи-доклад) (Critical Thinking: A Statement of Expert Consensus for Purposes of Educational Assessment and Instruction. Executive Summary) // Dr. Peter A. Facione (Dean of the College of Arts and Sciences, Santa Clara University), перевод Е.Н. Волкова.
12. Халперн Д. Психология критического мышления.— СПб.: Питер, 2000.— 512 с.

Мазмұны

Кіріспе		3
1	Білім мазмұнын жаңарту аясында «Математика» пәні оқу бағдарламасының ерекшеліктері (5-9 сыныптар)	5
2	«Математика» оқу пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері	33
3	Білім мазмұнын жаңарту аясында «Математика» оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсыныстар	49
Қорытынды		118
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі		119

Введение

В Послании главы государства народу Республики Казахстан Н.Назарбаева «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» одной из приоритетных направлений является улучшение качества человеческого капитала, которая предполагает изменение в системе образования: «Прежде всего должна измениться роль системы образования. Наша задача – сделать образование центральным звеном новой модели экономического роста. Учебные программы необходимо нацелить на развитие способностей критического мышления и навыков самостоятельного поиска информации» [1].

Учебные программы уровня основного среднего образования, в том числе учебные программы по предметам «Математика» для 5-6 классов, «Алгебра» и «Геометрия» для 7-9 классов направлены для развития указанных качеств.

В 2017-2018 учебном году 5-е и 7-е классы будут обучаться по типовым учебным планам и учебным программам обновленного содержания образования.

Содержательным отличием обновленных учебных программ является:

– принцип спиральности при проектировании содержания предмета, то есть постепенного наращивания знаний и умений как по вертикали, так и по горизонтали (усложнение навыков по темам и по классам);

– иерархия целей обучения по таксономии Блума, основанная на закономерностях познания и классифицируемая по наиболее важным видам предметных операций;

– педагогическое целеполагание по уровням образования и на протяжении всего курса обучения, что позволяет максимально учесть внутрипредметные связи;

– наличие «сквозных тем» между предметами как внутри одной образовательной области, так и при реализации межпредметных связей;

– соответствие содержания разделов и предложенных тем запросам времени, акцент на формирование социальных навыков;

– технологизация учебного процесса в форме долгосрочных, среднесрочных и краткосрочных планов.

Отличительной особенностью новых учебных программ является их направленность на формирование не только предметных знаний и умений, но и навыков широкого спектра. Выстроенная система целей обучения является основой развития следующих навыков широкого спектра: функциональное и творческое применение знаний, критическое мышление, проведение исследовательских работ, использование информационно-коммуникационных технологий, применение различных способов коммуникации, умение работать в группе и индивидуально, решение проблем и принятие решений.

Важной характеристикой обновленных учебных программ является их гибкость и универсальность. Определение количества часов, отводимых на изучение разделов и тем в соответствующей четверти, оставлено на усмотрение

учителя.

В рамках реализации обновленного содержания образования необходимо внедрять передовой опыт, новейшие технологии и подходы в преподавании и обучении, в системе оценивания, усиливать эффективные пути внедрения информационно-коммуникационных технологий, расширять использование разнообразных цифровых образовательных ресурсов в обучении, межшкольное сетевое взаимодействие, межшкольные учебные планы и программы, «обмен учителями», мастер-классы по применению новых технологий в обучении предметам в школе.

При разработке Типового учебного плана для уровня основного среднего образования в 5-9 классах предполагался предмет «Математика», который в 7-9 классах должен был рассматриваться как интегрированный предмет из материалов алгебры и геометрии. После обсуждения с педагогической общественностью в 7-9 классах было предложено интегрированный предмет «Математика» разделить на два дифференцированных предмета: «Алгебра» и «Геометрия», также оставить традиционное изучение предметов «Алгебра» и «Геометрия». Постановлением Правительства Республики Казахстан от 15 августа 2017 года № 485 были внесены изменения в постановление Правительства Республики Казахстан от 13 мая 2016 года № 292 "О внесении изменений и дополнений в постановление Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года № 1080 "Об утверждении государственных общеобязательных стандартов образования соответствующих уровней образования", в Типовые учебные планы уровня основного среднего образования и соответственно Типовая учебная программа «Математика» для 5-9 классов разделена на три учебные программы «Математика» для 5-6 классов, «Алгебра» для 7-9 классов, «Геометрия» для 7-9 классов [2, 3, 4, 5, 6]. При этом базовое содержание учебного предмета «Математика» для 5, 6 классов осталось без изменений, а базовое содержание учебного предмета «Математика» для 7, 8, 9 классов распределено на предметы «Алгебра» и «Геометрия» для 7-9 классов.

Поэтому в данных методических рекомендациях рассматриваются три Типовые учебные программы.

Данные методические рекомендации подготовлены в помощь учителям общеобразовательных школ, преподающим математику в основном средней школе.

1 Особенности учебной программы «Математика» (5-9 классы) в рамках обновления содержания образования

В рамках обновленного содержания образования в образовательной области «Математика и информатика» на уровне основного среднего образования изучаются следующие предметы: «Математика» – 5-6 классы; «Алгебра» – 7-9 классы; «Геометрия» – 7-9 классы [2].

В связи с этим на уровне основного среднего образования разработаны Типовые учебные программы «Математика» для 5-6 классов; «Алгебра» для 7-9 классов; «Геометрия» 7-9 классов (схема 1.1) [4, 5, 6].

Схема 1.1 – Наименования Типовых учебных программах

При определении содержания учебных предметов в 5-9 классах образовательной области «Математика и информатика» были учтено то, что в 2017-2018 учебный год придут обучающиеся, которые обучались в 4 и 6 классах по действующей программе. Поэтому в базовом содержании учебных предметов «Математика», «Алгебра» по сравнению с Типовыми учебными программами 2013 года имеются только незначительные изменения. Эти изменения коснулись материалов по статистике и теории вероятностей. В базовом содержании учебного предмета «Геометрия» изменений нет.

При составлении учебной программы по математике для 5-6 классов при определении целей и задач базового содержания учтено базовое содержание учебной программы «Математика» для 1-4 классов, а при составлении учебной программы по алгебре и геометрии для 7-9 классов учтено базовое содержание учебных программ «Математика» для 5-6 классов и содержание, которое будет изучаться в старших классах.

Рассмотрим особенности структуры Типовых учебных программ обновленного содержания и базового содержания учебных предметов

«Математика» для 5-6 классов, «Алгебра» для 7-9 классов, «Геометрия» для 7-9 классов.

I. *Структура Типовых учебных программ*

Типовые учебные программы обновленного содержания состоят из трех глав, а также долгосрочного плана, который дан как приложение к учебным программам.

На схеме 1.2 представлены наменования глав Типовых учебных программ обновленного содержания.



Схема 1.2 – Структура Типовых учебных программ

Остановимся на каждом из разделов по учебным предметам «Математика», «Алгебра» и «Геометрия».

Глава 1.

Учебная программа разработана в соответствии с Государственным общеобязательным стандартом среднего образования (начального, основного среднего, общего среднего образования), утвержденным постановлением Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года №1080.

В данной главе прописаны цели и задачи обучения учебному предмету.

Целью изучения учебных предметов «Математика», «Алгебра», «Геометрия» на уровне основного среднего образования является обеспечение формирования функциональной грамотности обучающихся, развитие критического мышления, освоение обучающимися основ математических знаний и умений, необходимых для изучения естественно-научных дисциплин, развитие интеллектуального уровня обучающихся на основе материала указанных учебных предметов.

В соответствии с целями обучения учебным предметам определены следующие задачи:

– способствовать формированию и развитию математических знаний, умений и навыков по разделам программы: «Числа», «Алгебра», «Статистика и теория вероятностей», «Математическое моделирование и анализ»;

– содействовать применению математического языка и основных математических законов, количественных отношений и пространственных форм для решения задач в различных контекстах;

